



Республикалық жастар газеті

# Ақмешіт

# ЖАСТАРЫ

...Мен жастарға сенемін!

Мағжан



№36 (573)  
5 қыркүйек,  
2024 жыл

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады



## АЙДОС СҰЛТАНҒАЛИ: ӘРБІР СПОРТШЫНЫҢ

## ЕҢБЕГІ

## БАҒАЛАНСА ДЕЙМІН

Айдос Сұлтанғали – грек-рим күресінен Азия чемпионы, Әлем біріншілігінің 2 дүркін қола жүлдегері, Париж Олимпиадасының қатысушысы. Жұырда ғана төрткүл дүние көз тіккен байрақты бәсекеде төбе көрсеткен спортшымен ашық әңгіме орбидің сәті түсті.

– Айдос, әңгімені Франция төрінде өткен Париж Олимпиадасынан бастасак, Парижде көрсеткен өнеріңе көңілің толды ма?

– Әрбір спортшының спортқа келудегі мақсаты – өзі қалаған спорттың «анызына айналуды». Әуел баста мен үшін Олимпиадаға бару аса бір қатты мақсат-міндет емес еді. Бірақ қалеттер, жастар мен жасөспірімдер арасында топ жарып, Азияны бағындырып, әлем біріншіліктерінде жүлделі орындардан көрініп жүргеннен кейін әрі қарай тынысың ашылып, Олимп шыңын бағындыруды көздейді екенсің. Негізі осыдан 4 жыл бұрын Токио олимпиадасына баруды жоспарлағанмын, бірақ бұйырмады. Десек те ұзақ жылғы еңбектің түбі бір шыңға жетелейтініне сендім. Қандай қиындық кездесе де мойымадым. Соның нәтижесі болса керек, сәуір айында Бішкекте өткен лицензиялық турнирде жеңіске жетіп, байрақты бәсекеге жолдама алдым.


Париж додасына тыңғылықты дайындықта болдым. Жарақаттарымнан толық айықтым. Бәсеке басталғанша үш жаттығу жиынына қатыстым. Париждегі белдесуде өзімді 100 пайыз бердім десем болады. Сондықтан ешқандай өкініш жоқ.

7-бетте

# ОТБАСЫ КҮНІ:

## ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ МЕН ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ МЕРЕКЕСІ

Жас ұрпақтың тұлға ретінде қалыптасуы отбасынан бастау алады. Ал ол адамзат өміріндегі маңызды әрі қасиетті ұғымының бірі. Қазақы тәрбиеде «Отан отбасынан басталады» деген сөз қай уақытта болсын өзегін жоғалтпаған. Мәселен, 2013 жылы қыркүйектің екінші жексенбісі – «Отбасы күні» болып бекітіліп, дәстүрлі мерекеге айналды. Биыл атаулы күн 8 қыркүйекке келіп отыр. Мерекені кеңінен атап өту үшін Мәдениет және ақпарат министрлігі арнайы тұжырымдама бекітіп, 2-8 қыркүйек аралығында әр күнге тақырыптық бағыттар қойылды. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметі ұйымдастырған көшпелі брифингте облыс әкімінің орынбасары Шахмардан Байманов баяндап берді.



Облыс әкімінің орынбасары ең әуелі жиынға қатысушыларды «Отбасы күні» мерекесімен құттықтады. Сондай-ақ атаулы мереке аясында ұйымдастырылатын «Дені сау жаңау – дені сау мемлекет» атты ток-шоу, «Бақытты отбасы» мемлекеттік қызметкерлер отбасыларының қатысуымен өтетін квест, «Отбасы – бақыт мекені» атауымен отбасылық спорттық сайыс, «Алтын той» иелерінің қатысуымен ұйымдастырылатын «Отбасы – бақыт мекені» атты мерекелік шаралар, «Отбасылық дәстүрлер: тарихты сақтау, болашақты құру» тақырыбында кездесулер мен тәрбие сағаттары,

жас отбасыларға арналған «Отбасымен музейге» атты тегін экскурсиялар күні, «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы шеңберінде отбасылардың қатысуымен өтетін сенбілік және «Отбасы күні» мерекесінде дүниеге сәби әкелген аналарды перзентханаларда құттықтау сынды кешенді іс-шараларға тоқталды.

– «Отанды сүю – отбасынан басталады» дейді Бауыржан Момышұлы. Отбасы – мемлекеттің іргетасы. Қоғамдағы әр отбасының босағасы берік, мерейі үстем болмай мемлекеттің мықты болуы мүмкін емес. Мемлекет басшысы «Халқымыз қай заманда да отбасы дәстүрін берік

ұстанып, қадірлей білген. Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету – біздің қанымызға сіңген қасиет. Әрбір азаматтың адамгершілік болмысының қалыптасуына отбасындағы ахуал айрықша әсер етеді. Сондықтан мемлекет әр шаңырақтың әл-ауқатын арттырып, әр азаматтың өсіп-өркендеуі үшін барлық жағдайды жасайды» деп атап өтті. Ұлттық тәрбиенің адамгершілік пен имандылықтың, ізеттілік пен парасаттылықтың бастау бұлағы – отбасы, – деді Шахмардан Асқарұлы.

5-бетте

## ТІЛ – ҰЛТТЫҢ РУХАНИ ТІРЕГІ



Тіл – ұлтты біріктіретін, халықтың сан ғасырлық руханияты мен мәдениетін ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін басты құндылық.

Қазақстан халқы тілдері күні 2018 жылға дейін 22 қыркүйекте тойланатын. Кейін Үкіметтің 2017 жылғы 31 қазандағы «Қазақстан Республикасындағы мерекелік күндердің тізбесін бекіту туралы» № 689 қаулысына сәйкес, 5 қыркүйек – халқымыздың тағдыры мен тілі үшін күрескен, қазақ әліпбиінің негізін салған, ұлт ұстазы, Алаштың ардақтысы Ахмет Байтұрсынұлының туған күніне орайластырып, Қазақстан халқы тілдерінің күні болып аталып келеді.

Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Руслан Қаюпов Қазақстан халқы тілдерінің күні мерекесін атап өтудің іс-шаралар жоспары бекітілгенін атап өтті.

2-бетте

## КОРОНАВИРУС

### ҚАЙТА БЕЛЕҢ АЛУЫ МҮМКІН БЕ?

Қоңыр салқын лебімен күз де келіп жетті. Таңертең күн ашық болса, кешке жаңбыр себелей салуы ықтимал. Бірде жылы, бірде салқын ауа райының тұрғындар денсаулығына да әсер ететіні рас.

Несін жасырамыз, ел арасында «коронавирус қайта өршіп, карантин болуы ықтимал» деген әңгіме бар. Бұл ақпаратқа денсаулық сақтау саласының мамандары не дейді?

#### ЭПИДАХУАЛ ТҰРАҚТЫ

Сала мамандарының айтуынша, аймақта коронавирус инфекциясының эпидемиологиялық ахуалы тұрақты. Облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Әлия Әбдіқайымова тұмау, жоғары тыныс алу жолдары инфекциялары, коронавирус инфекцияларының эпидемиологиялық ахуалына тоқталды.

– Аталған инфекциялар бойынша облыста эпидемиологиялық ахуал тұрақты деуге болады. Дегенмен қазір эпидмаусым. Сондықтан мұндай инфекциялық аурулар тұрғындар арасында тіркеледі.

3-бетте



## ХАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІ БӘРІНЕН ҚЫМБАТ

Өрт сөндіру қызметі – қауіпті мамандық. Жүректілік пен батыллықты талап ететін сала нағыз ер азаматтарға ғана тән. Бүгінгі күннің батырлары суга түсу маусымы кезінде ел қауіпсіздігі үшін кірпік қақпай, өрт маусымында қалтқысыз қызмет етіп келеді. Осыған орай біз Қызылорда қалалық төтенше жағдайлар басқармасы бастығының міндетін атқарушы, азаматтық қорғау майоры Ғабит Бабаевпен аз-кем сұхбат құрып, жұмыс барысынан хабар алдық.

2



Басы 1-бетте

# ТІЛ – ҰЛТТЫҢ РУХАНИ ТІРЕГІ



– Шын мәнінде, тілдер мерекесі – Қазақстанда тұратын барлық этнос өкілдерінің ана тіліне құрмет көрсететін ортақ мейрам. Осы орайда, Қазақстан халқы тілдерінің күні мерекесін атап өтудің облыстық іс-шаралар жоспары бекітілді. Аптаның алғашқы шарасы – 3 қыркүйек күні, қазақ тілі білімінің ғалымдары Әбдуали Қайдар мен Рәбиға Сыздықтың туғандарына – 100 жыл, Шайсұлтан Шаяхметовке – 85 жыл толуына орай қазақ тілі пәнінің мұғалімдері, оқытушылары, сала мамандарының арасында «Ғылымдағы ғұмырлар» тақырыбында облыстық, республикалық деңгейдегі ғалымдардың дәріс сағаттарынан басталды. 5 қыркүйек күні тіл мерекесіне арналған «Тілі бірдің – тілегі бір» атты салтанатты шара, «Тіл – тірегім, Қызылорда – жүрегім» атты облыстық жас ақындар мүшәйрасы, «Тілім менің – тірлігімнің айғағы» атты дөңгелек үстел, «Туған тілім – тірлігімнің айғағы» атты пікірсайыс турнирі, «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте!» тақырыбында мектеп және колледждерде пікірсайыс

аландары, этнос өкілдерінің қатысуымен «Қазақшаныз қалай?» байқауы және «Менің тілім – қазақ тілі» мәнәреп оқу сайысы, жастар арасында «Этно Quiz» интеллектуалды сайысы өткізілетін болады, – деді басқарма басшысы.

6 қыркүйек күні Достық үйі ғимаратында «Мәңгілік елдің мәңгілік тілі» атты дөңгелек үстел, балабақшаларда «Тілді сүю – талбесіктен» атты акциясы, 7 қыркүйек күні балаларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлау мақсатында «Арбат» бойында аквагрим шарасы, 10 қыркүйек күні А.Токмағанбетов атындағы Мәдениет үйінде «Рухани болмысты жаңғырту – ұрпақ ұлағаты» атты облыстық дилмаршешендер байқауы өткізіледі.

Жалпы, жоспар аясында меншік нысанына қарамастан барлық мекемелер мен ұйымдарда тілдер күніне арналған жиындар, дөңгелек үстелдер, тіл жанашырларын марапаттау шаралары ұйымдастырылады.

Сондай-ақ, облыстағы жоғары және орта білім беретін барлық мектептерде, мектеп-

ке дейінгі мекемелерде тілдер күніне орай ашық сабақтар, мәнәреп оқу байқаулары, пікірсайыстар ұйымдастырылып, облыс кітапханаларында «Тіл – ұлттық қазына», «Мемлекеттік тіл – ел бірлігінің негізі», «Тіл – асыл қазына», «Тіл – ұлттың жаны, әр халықтың байлығы» тақырыптарында кітап көрмелері өткізіледі.

Басқарма басшысы мерекеге орай аудандарда ұйымдастырылатын шараларға тоқталды.

Атап айтсақ, Арал ауданында «Тілім сенсің – тірлігімің қуаты» атты тренинг пен «Ана тілім – дана тілім» интеллектуалды сайысы, Қазалы ауданында «Мақал – сөздің азығы, жұмбақ – ойдың қазығы» атты мақал-мәтел сайысы мен «Даналар сөзі – ақылдың көзі» атты білімпаздар сайысы, Қармақшы ауданында жазба ақындар мүшәйрасы және «Ана тілім – ардақтым» атты аудандық көркемөз оқу шеберлерінің байқауы, Жалағаш ауданында мемлекеттік қызметкерлер арасында «Ойлы болсаң, озып көр» тақырыбында интеллектуалды сайыс пен «Тіл – бірліктің тірегі» атты мерекелік концерт, Сырдария, Шиелі аудандарында «Тіл мәртебесі – ел мәртебесі» атты салтанатты мерекелік шаралар, Жаңақорған ауданында тіл жанашырлары мен өзге ұлт өкілдерін аудан әкімінің мерекелік қабылдауы, «Тіл – достықтың кілті, ынтымақтастықтың бастауы» тақырыбында салтанатты мерекелік шаралар және Қызылорда қаласы мен аудандарда «Өз тілің – бірлік үшін», «Мемлекеттік тіл – тәуелсіздік тірегі», «Тіл – ұлт қазынасы» тақырыптарында әдеби-танымдық кештер, тағы да басқа шаралар өткізіледі.

Баспасөз конференциясында Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты Алдажар Әбілов қазақ тілі әлем тілдерінің ішіндегі ең көркем әрі қуатты тіл екенін айтып, ерекшелігіне тоқталды.

«АЖ» ақпарат

## ЖАСТАР

### ЖАҒАЛЫҚТАРЫ

#### Жолдау жүктеген міндет

«AMANAT» партиясы жанындағы «Жастар Рухы» жастар қанаты Қызылорда қалалық бөлімшесіне қарасты ТЖКБ және ЖОО белсенділерімен Мемлекет басшысының Жолдауына байланысты арнайы кездесу өтті.

Аталған жиынға «Жастар Рухы» жастар қанаты облыстық филиалының төрағасы Әсетхан Қазиханұлы қатысып, белсенділерге Жолдаудың маңызын түсіндіріп, АЭС салу жөніндегі тақырып аясында ақпарат берді. Айта кетейік, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанда АЭС салу мәселесі бойынша ұлттық референдум өтетінін айтты. Референдум 6 қазанға белгіленді.

#### Азаматтық қоғам институты – мемлекет тұрақтылығы мен дамуының негізі

Қызылорда облысының қоғамдық даму басқармасының тапсырысына сәйкес, «Асыл мұра – Орда» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен «Азаматтық қоғам институты – мемлекет тұрақтылығы мен дамуының негізі» атты облыстық азаматтық форумның облыстық кезеңі өтті.

Форум Арал ауданы, Қамыстыбас ауылдық округінің «Қамбаш» лагерінде өткізіліп, оған Қызылорда облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Руслан Каюпов, үкіметтік емес ұйым және мемлекеттік органдардың 50-ден аса өкілдері мен БАҚ қызметкерлері қатысып, азаматтық қоғамды дамытудың бірқатар өзекті мәселелерін талқылады.

Жиынның жалпы отырысына «Асыл Мұра-Орда» қоғамдық қорының жоба жетекшісі Айжан Айтмамбетова модераторлық етті.

Ашық пікірлесу алаңына айналған форумда облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Руслан Мұхамедәліұлы сөз алып, аймағымыздағы азаматтық қоғам институтының даму барысы туралы және үкіметтік емес ұйымдармен бірлесіп қазіргі заманның талабына сай жаңашыл әлеуметтік жобаларды енгізу бағытында жұмыстар жүргізілетінін жеткізді.

Сонымен қатар қатысушылар арасында құнды ұсыныстар, өзара түсіністік пен қолдау, ашықтық пен азаматтық бағытында бірқатар сұхбат алаңы құрылды. Атап айтқанда, «Қазалы жомарт» қоғамдық қорының төрағасы Есет Табынбаев «Ауылдық үкіметтік емес ұйымдармен бірлесіп жұмыс жасау тиімділігі» туралы және «Иман – 2013» қоғамдық қорының атқарушы директоры Айгүл Мұратбекова «Аудандық ұйымдарды мемлекет тарапынан қолдау» тақырыптарында ой қозғап, қатысушылардың бірқатар сұрақтарына жауап берді.

#### Ауыл болашағы – жастар

Жанкент ауылдық мәдениет үйінің ұйымдастыруымен «Адал адам» мәдени-тарбие орталығы тұжырымдамасының «Кино-ТІМЕ» жобасы аясында жастар саясатын насихаттау мақсатында «Ауыл болашағы – жастар» атты ауыл өнерпаздарынан құралған концерттік кеш болып өтті.

Кеш аясында кәсіпорын сүйемелдеушісі Айгүл Жеткербаева «Қазағымның жігіттері» және «Беу-айдай» әнін орындаса, ауылдық мәдениет үйі жанынан құрылған ән үйірмесінің мүшелері «Отан», «Бірлігіміз жарасқан» және «Ауылым» әндерін орындап, кештің көркіні кіргізді. Өнерпаздар ауыл жастарының құрмет-қошеметіне бөлініп, концерттен соң «Ұлы дала таңы» атты фильм ауыл жастарының назарына ұсынылды.

#### Ұлттық спорт түрлерінен сайыс

Аудандық қоғамдық даму бөлімінің мемлекеттік тапсырысы негізінде Байқоңыр қалалық «Жәрімбет» мешіті және «Қармақшы жастары» жастар қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен Төретам кентінде жамағат арасында ұлттық спорт түрлерінен, яғни арқан тарту, гир көтеру, қол күресінен сайыс өтті.

Сайыстар 4 команда арасында өтті. Қорытындысы бойынша 20,30 және 50 мың теңге көлемінде ақшалай сыйлықтар табысталды.

#### Шаңырақ көтеру де жауапты міндет

Отбасы – сүйіспеншіліктің, құрмет пен ынтымақтастықтың ошағы, яғни кез келген зиялы қоғамның дінгеі. Осы ретте жыл сайын қыркүйек айының екінші жексенбісі отбасы күні ретінде аталып өтіліп келеді. Бұл күн – отбасы құндылықтарын, отбасындағы үйлесімділік пен жарасымдылықты, шаңырақтың береке-бірлігін дәріптеуге бағытталған.

Отбасы құндылықтарын насихаттауға бағытталған айтулы күн қарсаңында аудандық азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімінің басшысы Айжамал Акбергенова Баубек Байназар мен Замира Даниярға неке куәлігін табыстады.

Отау тігіп, шаңырақ көтерген жастардың неке кино рәсіміне аудандық ақсақалдар кенесінің төрағасы Асылбек Тәуіпбаев, Ақсу ауылдық «Аналар кеңесінің» төрайымы Күлдәш Токпанбетова, «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының аудандық кезеңінде ІІ орын иеленген Ақсу ауылдық округінен Ижановтар отбасының батыр анадасы Айша Дюсенова, «Мерейлі отбасы – 2023» ұлттық конкурсының аудандық кезеңінде І орын иеленген үлгілі отбасының ақсақалы, жоғары санатты арагер ұстаз Әбілқайыр Ерғалиев әкеміз қатысып, ақ баталарын берді.

#### Кітап көрмесі ұйымдастырылды

Жастар ресурстық орталығының жанынан құрылған «Кітап оқиық» кітап клубының ұйымдастыруымен аудандық кітапханада «Ата заң – тәуелсіздіктің тірегі» атты Қазақстан Республикасы Конституциясының 29 жылдығына арналған кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеге аудандық белсенді жастары қатысты. Пайдаланушыларға қызмет көрсету бөлімінің меңгерушісі Динара Пазылбекова және орталықтың меңгерушісі Жансая Байтәжіева кітап көрмесімен таныстырып өтті.

Шарада жастарға керекті ақпараттар беріліп, сұрақтарға жауап берілді.

#### Салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында шара өтті

Аудандық көпбейінді ауруханасының жастар денсаулық орталығы мен облыстық АИТВ-инфекциясының алдын алу орталығының Шиелі ауданындағы филиалының ұйымдастыруымен белсенді жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттау, жауапты мінез құлық қалыптастыру, АИТВ-инфекциясының алдын алу мақсатындағы тренинг өткізілді. Облыстық АИТВ-инфекциясының алдын алу орталығының Шиелі ауданындағы филиалының меңгерушісі Ж.Пернебаева АИТВ-ның республикадағы, облыстағы, аудандағы индеттік ахуалы бойынша ақпарат берді. Филиал маманы Б.Парманқұлов АИТВ-ның жұғу жолдары, алдын алу шаралары жөнінде сөз алып, сұрақтарға жауап берді. Жастар денсаулық орталығының маманы С.Калекеева жастар арасында салауатты өмір салтын ұстану, жауапты мінез құлық тақырыбында баяндама жасады. Іс-шара соңында жастар денсаулық орталығының психолог маманы Н.Алматқызы қатысушылар арасында тренинг жүргізіп, қорытындылады.

#### Татулығы жарасқан – Тәуелсіз Қазақстан

Аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің ұйымдастыруымен «Ордакент» жастар ресурстық орталығының ғимаратында 5 қыркүйек – Қазақстан халқының тілдері күніне арналған «Татулығы жарасқан – Тәуелсіз Қазақстан» атты салтанатты шара өтті.

Шарада аудан әкімінің орынбасары Бектас Нуридинов және «Аманат» партиясының төрағасы Арман Мажитов аудан тұрғындарын мерекемен құттықтап, бір топ сала қызметкерлері мен өзге ұлт өкілдерінен алғыс хаттар мен сый-сияпаттар табыс етті.

Кеш соңы аудандық мәдениет үйі өнерпаздарының концерттік бағдарламасына ұласты.

«АЖ» ақпарат

#### ЖҰМЫСЫН ТОҚТАТАДЫ

“Жалас Транс” ЖШС (БСН 160440012079) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Барлық талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекен-жайда қабылданады: Қызылорда қаласы, Ыбырай Алтынсарин көшесі 98 үй.

\*\*\*

“Stop Service” ЖШС (БСН 050940001247) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Барлық талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекен-жайда қабылданады: Қызылорда қаласы, Өлкей Марғұлан көшесі 23 үй.

Басы 1-бетте

# ХАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІ БӘРІНЕН ҚЫМБАТ

– Ғабит Әбдіәбиұлы, суға түсу маусымы аяқталды. Осы ретте өткен және биылғы жылдың нәтижесі туралы айтып өтсеңіз...

– Қала аумағындағы су айдындарында, әсіресе Сырдария өзенінде жасөспірімдердің әртүрлі себептермен қайғылы жағдайларға ұшырамаудың алдын алу мақсатында Төтенше жағдайлар басқармасымен тиісті жұмыстар атқарылып келеді.

Жыл басынан бері 1 жағдай тіркеліп, 2 жасөспірім суға түсу маусымы кезінде қаза болды. Сонымен қатар өткен 2023 жылы қала аумағындағы су айдындарында 2 жағдай тіркеліп, 2 адам қаза болды, оның 1-і бала. Мұндай жұмыстар легі тоқтамайды. Жыл сайын тиісті шараларды қолға алып, тұрғындарға түсіндірме тұрақты жасалып отырады.

– Су айдындарындағы қауіпсіздік бойынша атқарылған жұмыстарға тоқталсаңыз...

– Суға түсу маусымы басталғаннан бері басқарма қызметкерлері мен құтқару бөлімшелерінің құтқарушылары су айдындарында 270 рейд өткізіп, 5350 азаматқа судағы қауіпсіздікті түсіндіріп, ұнпақтар таратылды.

Қала аумағында адам көп шоғырланған орындарда (Арай city mall ойын-сауық орталығы, жаңа базар, ескі базарларға және теміржол мен автовокзалдарға) дыбыстық дауыстау арқылы түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Үстіміздегі жылы қала аумағында су айдындарында қауіпсіздік ережелері бойынша республикалық, облыстық телеарналарда су айдындарындағы қауіпсіздік және балық аулау кезіндегі қауіпсіздік ережелерін сақтау бойынша 4 және радио арқылы 23 хабарлама берілді. Сондай-ақ баспа басылымдарында «Судағы қауіпсіздік» тақырыбында 5 мақала жарияланды. Басқарманың әлеуметтік желілеріндегі парақшаларында 52 бейнеролик пен 61 мақала жарық көрді.

Биылғы жылғы суға шомылу маусымына дайындық жұмыстарын жүргізу барысында Қызылорда қаласында орналасқан қауіпті аймақ тыйым салтылып, нәтижесінде 18 қауіпті аймақта 30 дана ескертпе тақтайшалар жаңартылып, қала аумағында барлығы 78 тақтайша орнатылды.

Сонымен қатар Қызылорда қаласы кинотеатрларында «Кіноflexx» және «Жібек жолы» ойын-сауық сауда үйінде орналасқан кинотеатрында әр сеанс басталар алдында 50 секундтық «Судағы қауіпсіздік» тақырыбында бейнеролик көрсетілді.

– Су айдындарында азаматтар мен балалардың қаза болуының басты себептері неде?

– Негізгі себебі – қауіпсіздік ережелерін өрескел бұзуы болып табылады. Атап айтсақ, өзен немесе каналдардың кез-келген, әрі зерттелмеген (ағысы жылдам, терең, жағалары тік жар) жерлеріне суға түсуі. Оған қоса масаң күйде шомылуы басты қателік болып отыр. Сондай-ақ қайыққа жабысу және қайық бортынан секіру мен балалардың ересектердің бақылауынсыз су жағасына баруы мен суға түсуі және олардың жүзе білмегендігі қайғылы оқиғаларға әкеліп соқтырады.

Қайғылы жағдайларды болдырмау мақсатында басқарма қызметкерлері суға шомылуға тыйым салатын 18 қауіпті аймақта шомылу фактілерін анықтау бойынша күнделікті рейдтік іс-шаралар жүргізуде.

– Қала аумағында орналасқан қанша қауіпті учаскі бар және түсуге рұқсат етілген орындар бар ма?

– Қала аумағында 18 қауіпті учаскі орналасқан. Сонымен қатар суға түсуге арналған екі аймақ белгіленген, яғни «Сыр самалы» және «Сыр толқыны» болып табылады. Яғни бұл аталған аймақтар Сыр самалы Арай мөлтек ауданында орналасқан ақылы



демалыс аймағы. Сыр толқыны аумағының орналасқан жері – Көксу демалыс орны.

– Рұқсат етілмеген орындарда суға түскен жағдайда қандай қатаң шаралар қарастырылған?

– Қазіргі таңда басқарма қызметкерлері және Қызылорда қаласы әкімдігі менполиция басқармасы, Ұлттық ұлан мамандары күнделікті сағат 13:00 мен 20:00 аралығында рейдтік жұмыстар жүргізуде. Соған сәйкес қала аумағында Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодекстің 412 бабына сәйкес бекітілмеген су айдындарында суға түскені үшін 10 жеке тұлғаға хаттама толтырылып, айыппұл көрілді. Қалалық полиция басқармасымен бірлесіп суға шомылу маусымы кезінде ҚР ӘҚБтК 364 - бабы (Ортақ су пайдалану қағидаларын бұзу) бойынша 81 адамға ескерту жасалды.

– Ал балалардың қауіпсіздігі үшін ше...

– Бүгінгі күнге дейін қала аумағында орналасқан 17 колледждің 1870 студентіне, 56 мектептің 8650 оқушысына, сондай-ақ 560 ата-анаға «Су айдындарындағы қауіпсіздік» бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Қала көлемінде «Судағы қауіпсіздік ережелері», «Суда зардап шегушілерді құтқару, алғашқы дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсету тәсілдері» бойынша 48 интерактивтік сабақ өткізіліп, 56 мектептің басшылары мен мұғалімдеріне судағы қауіпсіздік ережелері жөнінде ескертілді.

Білім беру қаласындағы бағдарламалық қамтамасыз ету республикалық «Kundelik.kz» платформасында Төтенше жағдай кезіндегі қауіпсіздік ережелерін ескертетін ақпараттық жаднаамалар орналастырылды. Сонымен қатар, Евразия спорт кешенімен келісім шарт жасалды. Бұл бастама әлеуметтік көмек алатын отбасылардың балаларын тегін суға жүзуге үйретеді.

– Іс-шаралар қай уақытқа дейін өз жалғасады?

– Қала аумағында суға түсу маусымы басталғалы біршама жұмыстар жасалды. Осы орайда рейдтік іс-шаралар қыркүйек айының 20-на дейін жалғасын табатындығын жеткіземін. Осымен қатар қала қонақтары мен тұрғындарына тек белгіленген орындарда суға түсуге кенес беремін және балаларыңызды қараусыз қалдырмауларыңызды сұраймын.

– Әңгімеңіз үшін рақмет!


Сұхбаттасқан  
Нұр БАҚЫТ





Басы 1-бетте

# КОРОНАВИРУС қайта белең алуы мүмкін бе?



Биыл 16 тамызда ҚР Бас мемлекеттік санитариялық дәрігер міндетін атқарушының №7 Қаулысы қабылданды. Онда коронавируске қоса ЖРВИ, тұмау бойынша 2024-2025 жылдардағы эпидемиялық маусым кезеңінде профилактикалық және эпидемияға қарсы іс-шаралар өткізу көзделген. Осыған орай емдеу мекемелерінде алдын алу бойынша дайындық жұмыстары жүргізілуде.

Жыл басынан бері жедел респираторлы вирустық инфекциялардың 77 мыңнан астамы белгілі болса, оның ішінде тұмаудың 78 жағдайы лабораториялық түрде анықталған. Былтыр осы мерзімде тұмаудың 68 жағдайы тіркелген болатын.

Сонымен қатар қаңтар-мамыр аралығында аймақта 76 адамнан COVID-19 жұқтыру дерегі анықталса, мамыр айынан бастап тамызға дейін коронавируске шалдығудың бірде-бір дерегі жоқ. Тамыз айында 3 дерек тіркелді. Көрсеткіш өткен жылмен бірдей деуге болады, – деді департамент басшысының орынбасары.

Ақпараттар легінен байқағанымыздай, өзге елдерде бұл аурулардың бас көтеруі байқалуда. Осыған орай елімізде де алдын алу шаралары жүргізіліп жатыр.

Бүгінде коронавирустың белгілері туралы білмейтін адам кемде кем десек болады. Дегенмен уикипедиялық мәліметке де назар салуды жөн көрдік.

Коронавирустық инфекция COVID-19 – SARS-CoV-2 (2019-nCoV) коронавирусымен қоздырылатын ауыр респираторлық инфекция. Жіті респираторлық вирустық инфекцияның жеңіл де, ауыр түрде де өту қаупі бар. Оның ерекше асқинулары вирустық пневмония, жіті респираторлық дистресс-синдромға, тіпті өлімге әкеп соқтыруы мүмкін. Аурудың ең көп тараған белгілеріне дене қызуы, шаршағыштық және құрғақ жөтел жатады.

## Фейк ақпараттан абай болыңыз

Журналистермен жүздесуде сала маманы «Бүгінде көпшілік арасында вирусты қолдан тартып жатыр» деген алып-қашпа сөздің жалған екенін жеткізді.

Бұған дейін «Қазақпарат» халықаралық ақпараттық агенттігі де ДСМ санитарлық-

эпидемиологиялық бақылау комитеті ел арасында тараған алып-қашпа сөзді жоққа шығарғанын хабарлаған болатын.

«Мессенджерлерде инфекциялық ауруханалар COVID-19 жұқтырған пациенттерге толып кеткені жайлы хабар тарайды. Комитеттің мәліметінше, бұл ақпарат шындыққа жанаспайды. 2024 жылдың басынан бері елде 1356 адам коронавирусқа шалдыққан. Өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда сырқаттану 8 есе төмен» деп хабарланды.

Вакциналау нәтижесінде кейінгі жылдары коронавирус инфекциясын жұқтыру дерегі азайған. ДДСУ-ның нұсқаулығы бойынша да екпе жұмыстарын жүргізудің маңызы жоғары. Бұған мына көрсеткіштер де дәлел болса керек. 2020 жылы аймақта коронавирус инфекциясының 3392 жағдайы тіркелген. 2021 жылы – 16042, 2022 жылы – 6515, 2023 жылы – 1682, ал биыл осы уақытқа дейін 79 жағдай анықталған. Байқағанымыздай жыл сайын вирус жұқтыру саны төмендеген.

Департамент басшысының орынбасары Әлия Әбдімүтәліпқызы 2021 жылдың 1 ақпанынан бастап вакцинациялау басталғанын, соның нәтижесінде кейінгі жылдары ауру бәсеңдегенін атап өтті.

Айта кету керек, секвенирлеу нәтижесінде Қазақстанда кейінгі кезде тіркеліп жатқан коронавирус инфекциясының омикрон штамының түрлі нұсқалары екені анықталды және көп жағдайда жеңіл түрде өтіп жатқаны байқалады.

Сала маманы №7 Қаулыға сәйкес емдеу мекемелерінде фильтр орнатылғанын, тұмаудың клиникалық белгілері байқалса үйге жедел жәрдем шақыру қажеттігін, емханаға келген жағдайда басқа пациенттерге жұқтырмау үшін фильтрден өту қажеттігін айтты.

## Тұмауға қарсы вакцинациялау 15 қыркүйекте басталады

Облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Олжас Ысқақов эпидмаусымға денсаулық сақтау ұйымдары дайын екенін жеткізді.

ДДСУ халықты тұмаудан қорғаудың жалғыз және тиімді әдісі ретінде тұмауға қарсы вакцинациялауды ұсынады. Осы мақсатта тұмаудың эпидихуалын тұрақтандыру және ауру деңгейін төмендету бағытында жыл сайын жергілікті бюджеттен тұмауға қарсы вакцина сатып алынады. Биыл 85004 доза вакцина әкелінбек. Тұмауға қарсы имундауға Ресей елінде өндірілген «Гриппол плюс» вакцинасы қолданылады. Бұл тұмаудың штамдарына қарсы тиімді қорғаныс қалыптастырады.

ҚР Үкіметінің 2020 жылғы 24 қыркүйектегі №612 қаулысымен бекітілген медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде міндетті профилактикалық екпелерді жүргізу қағидаларына сәйкес жыл сайын тұмауға қарсы вакцинациялау тиісті контингенттерге тұрғылықты мекен-жайы бойынша емханаларда тегін жүргізіледі. Олар ең алдымен медицина қызметкерлері, медициналық ұйымда диспансерлік есепте тұрған балалар және балалар үйі, сәбилер үйінің балалары, қарттар үйінің контингенті. Сондай-ақ эпидемиологиялық көрсеткіштері бойынша жүргізіледі.

Бұдан бөлек аталған контингентте қамтылмаған адамдар екпені ақылы түрде салдыруына болады. Бүгінгі күні екпені ақылы түрде алуға болатын емхана бекітілу үстінде, ол туралы қосымша хабарланатын болады.

ҚР Бас мемлекеттік санитариялық дәрігердің міндетін атқарушы №7 қаулысына сәйкес биыл тұмауға қарсы вакцинациялау 15 қыркүйектен басталады. Қаулыда медициналық ұйымдарда медицина қызметкерлерінің беттерде кио режимін енгізу қарастырылған.

## Коронавирусты қалай анықтауға болады?

Сипаттамасына қарасақ, тұмау мен коронавирус инфекциясымен аурудың алғашқы белгілері ұқсас. Баспасөз конференциясында денсаулық сақтау саласының өкілдерінен екі дертті бір-бірінен қалай ажыратуға болатынын нақтыладық. Олжас Ысқақовтың айтуынша, екі аурудың да алғашқы белгілерінде ерекшелік бола қоймайды.

Екеуі де жоғары тыныс жолдарының инфекциясы болып саналады. Бірақ практика бойынша тұмауға қарағанда коронавируспен науқастанғандар ұзағырақ емделеді әрі асқину белгілері көбірек кездеседі.

Ал коронавирусқа күдік болған жағдайда үйден емделмей, жедел түрде дәрігерге қаралып, қаладағы Ұлттық сараптама орталығының мекемесінде тест тапсыру қажет.

Вирустық инфекциялардан сақтану үшін не істеу керек? Оның жолы қарапайым. Күн тәртібін сақтап, ұйқы режимін дұрыстап, құнарлы тамақтануға көңіл бөлген жөн. Спорттық жаттығулар жасап, ең алдымен иммунитетті нығайту маңызды. Сонымен қатар ауырып қалған жағдайда көпшілік жиналатын орындарда маскалық режимді сақтау қажет.

Айдана ЖҰМАДИНОВА



# КЕНЕГЕ ҚАРСЫ КҮЗГІ ЗАЛАЛСЫЗДАНДЫРУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖАЛҒАСУДА



Бүгінгі күні Қызылорда облысы бойынша кенеге қарсы залалсыздандырудың күзгі маусымы Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы бойынша қолайсыз деп есепке алынған 115 елді мекенде екі кезеңмен жүргізілуде. Осы жылдың 13 тамызында басталған бұл өңдеу жұмыстары қазан айына дейін жалғасады. Кенеге қарсы дәрілеу шаралары қолайсыз елді мекендердегі мал қоралары, буферлік зоналар мен санитариялық-қорғаныс аймақтарын қамтиды.

Көктемгі өңдеу қорытындысымен тиімділік көрсеткіші мал қораларында 96,3 пайыз болса, мал бастарына жүргізілген

өңдеу сапасы 92,3 пайызды құрады. 90 пайыздан төмен болып анықталған елді мекендерге қайтадан нүктелік өңдеу жасалып, талапқа сәйкестендірілді.

Өңдеу жұмыстарын жүргізу алдында қора-жайларда механикалық тазалық жұмыстарын жүргізу аса маңызды. Бұл дезинфекциялау шараларының тиімділігін арттырады. Қызылорда облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау қызметі жүйелі түрде тұрғындар арасында осы бағытта түсіндірме жұмыстарын жүргізеді.

Жыл басынан бері облыс бойынша Конго-Қырым геморрагиялық қызбасына 18 күдікті жағдай тіркеліп, оның 9-ы клиникалық-зертханалық және эпидемиологиялық жолмен нақтыланды. Атап айтқанда, Жаңақорған ауданында 5, Шиелі мен Сырдария аудандарында 1 деректен және Қызылорда қаласында 3 жағдай анықталды. Науқастармен қарым-қатынаста болғандардың барлығы 14 күнге медициналық бақылауда болды, шағымданушылар анықталған жоқ. Ауру ошақтарында эпидемиологиялық-энтотомологиялық зерттеулер жүргізіліп, залалсыздандыру жұмыстары жасалды.

Жыл басынан бері тұрғындар арасында 1242 адам кене шағумен медициналық көмекке жүгініп, тиісті ем-дом жасалып, 14 күн бойы медициналық бақылауда болды.

Қызылорда облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті табиғатқа демалысқа шыққанда, егіндік, мал шаруашылығымен айналысқанда, сондай-ақ, балық аулау, далалық жағдайда еңбекпен шұғылданғанда келесі сақтану шараларын ұсынады:

- мал қыркымы кезінде қыркымға қатысушылар қорғаныс киімдерімен жұмыс жасау, ұзын резеңке қолғап, алдына резеңке алжапқыш және ұзын қоныш етік кию;
- кенелердің жабысуын болдырмауға арналған түрлі жақпа майлар, аэрозольдер түріндегі үркіткіш заттар (репелленттер) пайдалану;
- табиғатқа шыққанда ауылшаруашылық малдарына, үй жануарларына күтім жасағанда мейлінше ақшыл түсті жабық киім кию, шалбардың балағын етік ішіне немесе шұлық ішіне салып, жеңді түймелеп, кене кірмеу жағдайын жасау;
- кенені жалаң қолмен ұстап, өлтірмеу;
- санитариялық-гигиеналық, эпидемиологиялық талаптарды орындау.

Аурудың алғашқы белгілері байқалғаннан бастап дер кезінде медициналық көмекке жүгіну – аурудың асқинуы мен өлім жағдайларының алдын алатынын есте сақтаңыз!

Динара ЖАНАБЕРГЕНОВА,  
Қызылорда облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысы



Көз аурулары – бүгінде жиі кездесетін сырқаттың бірі. Жасы келген үлкендер ғана емес, қазір мектеп оқушылары да офтальмологтың көмегіне жүгінеді.

# КӨЗІҢІЗДІҢ КӨРУІ НАШАРЛАСА...



Смартфон, компьютерді дұрыс қолданудан бөлек, тазалықты сақтау, дұрыс тамақтану да көз саулығына әсер етеді. Ал көзге зияндылығы жөнінен ең алдымен компьютер мен теледидарды атайтынымыз рас. Көзге электрмагниттік толқындар, тым жақыннан көрсетілген суреттер, жап-жарық сәуле жүк түсіреді. Көк-күлгін түстердің көптігі де көзге кәдімгідей күш түсіреді екен.

Ақпарат көздеріне қарасақ, көз ауруларының жиі кездесетін түрлері – басыр, бленнорея, катаракта, конъюнктивит, көзге ақ түсу, т.б.

Көпшілікті «көздің көрмеуі ген арқылы беріле ме?» деген сұрақ та ойландыратыны рас. Ғалымдар көз көрмеуі ген арқылы кейде ата-анадан балаға берілетінін

жеткізген. Department of Ophthalmology ата-анасының екеуі де миопиямен ауыратын 7 жасқа дейінгі балалар арасында зерттеу жүргізіп, 45%-ының көздері нашар көретінін анықтаған.

Адамның баға жетпес байлығының бірі қос жанары екені белгілі. Ал оны сақтаймыз десек, күтіміне мән бергеніміз жөн. Жарықтың дұрыс түсуі, жұмыс істегенде арқа мен басты түзу ұстап, теледидарды қараңғыда көрмеу, көзге жиі кездесетін түрлері – басыр, бленнорея, катаракта, конъюнктивит, көзге ақ түсу, т.б.

«АЖ» ақпарат



# ЕҢ ЕРЕКШЕ ОТБАСЫЛАР



## Ергежейлілер отбасы

Үндістанның Хайдарабад қаласында 55 жастағы Рам Радж Чаухан өзінің ерекше отбасымен өмір сүруде. Отбасы мүшелерінің көпшілігі ахондроплазия деп аталатын генетикалық аурумен дүниеге келген. Аталған дерт аяқ пен қолдың өсуіне әсер ететін ергежейліліктің бір түрі. Отбасында барлығы 11 адам болса, олардың 9-ы осы дертке шалдыққан. Өкініштісі, көпшілік Чаухан отбасын келеке ететінін көрінеді. Себебі олар бұл отбасыға жұмыс табу тұрмақ, жүріп-тұрудың өзі қиын екенін ескермейтін сыңайлы. Отасы Рам Радж қолынан келетін шаруамен айналысып, отбасының нәпақасын табуда. Кейде дүкендерде жалданып жұмыс жасаса, ал кейде мерекелік кештер мен той-жиындарда түрлі костюмдерді киіп, қонақтардың көңілін көтереді. Құдайдың жаратылысын көріп күлетін һәм көңіл көтеретін адамдардың есі дұрыстығына күмәнін бар...



## Қуыршақ келіншек

Катерлі ісік ауруына шалдыққан 28 жастағы қытайлық азамат әйелін жалғыз қалдырмау үшін қуыршаққа үйленуге шешім қабылдаған. Жақындарының айтуынша, көп ұзамай дүниеден өтетініне көзі жеткен жігіт неке кию рәсімінің қуанышын сезінгісі келген. Аты-жөнін құпия сақтаған ер адам үйлену тойын барлық ережеге сай өткізді. Мәселен, ол «қалыңдығына» той көйлегін таңдап, оған шаштараз бен визажист жалдаған және үйлену тойының фотосессиясын ұйымдастырған. Той рәсіміндегі суреттер мен бейнероликтер желіде тез тарап, миллиондаған қаралым жинаған. Кейбір қолданушылар қытайлық жігіттің бұл қылығын қуыршақ дүкенінің маркетингтік науқаны деп сыға алды, бірақ жас жігіттің шынайы ниеті елдегі бірқатар БАҚ жариялаған соң ғана белгілі болды.




## Ағайынды альбиностар

Үнді елінің азаматтары 45 жастағы Мани Пуллан мен 50 жастағы Розетаури ерекше отбасының ата-анасы саналады. 1983 жылы шаңырақ көтерген олар әлемдегі ең үлкен альбиностар отбасын құрып, дүниежүзілік Гиннес рекордтар кітабына еніп отыр. Бүгінде Пуллан отбасының 10 мүшесі бар. Олардың балаларының барлығы да альбинос диагнозымен дүниеге келген. Альбинизм – өте сирек кездесетін дерт. Статистикаға жүгінсек, жер бетіндегі 17 000 адамға шаққанда бір альбиностан келеді екен. Олар өзгелерден шашы мен қасының сүттей ақтығы және тері түсінің бозғылт болуымен ерекшеленеді. Сонымен қатар аталған отбасы көз көруінің нашарлығымен қатар өзгелердің жағымсыз көзқарасынан айтарлықтай зардап шеккен. Розетаури мен Манидің алты баласы бар: 24 жастағы Шанкар, 25 жастағы Виджай, 19 жастағы Рамкишан, 23 жастағы Рену, 21 жастағы Дипа және 18 жастағы Пуджа. Альбинизм ата-анадан балалардың барлығына да генмен берілген. Кейінірек олардың қыздары Рену 27 жастағы альбинос Рошеге тұрмысқа шықты. Бұл жас отбасының ұлы Дхарамрадх қазір 2 жаста және ол да 100% альбинос көрінеді. Аталған отбасы Делиде шағын пәтерде ғұмыр кешуде. Дегенмен олардың нағыз үнді елінің азаматы екеніне тұрғындар күдікпен қарайтын көрінеді. Бұл туралы Розетаури журналистерге берген сұхбатында «бізді басқалар «ангрес», яғни ағылшын санайды» деген. Гиннес рекордтар кітабына ену Пуллан отбасының өмірін айтарлықтай өзгеріске алып келді. Десе де генетикалық тұрғыда ерекше жаратылған жандардың өміріне нәсілдік кемсітушілік әсер етпей ме деген ой алаңдатады...

Елімізде Президент тапсырмасымен қыркүйек айының екінші жексенбісі «Отбасы күні» болып бекітілген. Биыл 8 қыркүйек күні аталып өтетін бұл мейрам үлкен маңызға ие. Әлем халықтары 15 мамыр күні тойлайтын бұл қос мерекенің мақсаты – қоғам назарын отбасы мәселелеріне аудару және отбасы құндылықтарын нығайту.

Ғалымдардың зерттеуіне сүйене отырып, отбасы жайлы қызықты фактілерге назар аударсақ. Әлемдік статистикаға сәйкес, 7 жыл некеден кейін ажырасу ықтималдығы 50% төмендейтін көрінеді. Бір қызығы, тұрмыс құрмаған немесе ажырасқандарға қарағанда үйленген ер адамдар мен тұрмысқа шыққан әйелдер ұзағырақ өмір сүреді екен. Сондай-ақ, саусаққа неке сақинасын тағу дәстүрі ежелгі Египеттен бастау алған. Мысырлықтар жүрекке қан апаратын махаббат тамыры дәл осы саусақта пайда болады деп сенген.



## 86 әйелі, 170 баласы бар

Нигериялық Мохаммед Белло Масаба әйелдерді қатты жақсы көргені сонша, олардың арасында таңдау жасай алмаған. Осы себепті ол өзіне ұнаған қыздардың барлығына үйленуге шешім қабылдады. Нәтижесінде Масабаның 86 әйелі болған көрінеді. Ең таңғаларлығы, осы әйелдердің барлығынан 170 бала дүниеге келген. Бір қызығы, оның әйелдерінің көп бөлігі Масабаның кейбір балаларынан кіші көрінеді. Мохаммед – мұсылман. Ал исламда ер адам тек 4 әйелге үйленуге құқылы, сондықтан 2008 жылы ол «дін заңдарды елемегені үшін» қамауға алынды. Зан өкілдері тарапынан оған тек төрт әйелін қалдыру ұсынылған болатын. Дегенмен Масаба бұл ұсыныстан бас тартты. Айтуынша, әйелдің барлығы да оған «аманат» және Құдай оның бұл шешімін құптағанды деп сенеді. Ұсынысқа көнбеген Масаба ақырында түрмеге қамалды. Ең қызығы, 86 әйелі мен балаларының барлығы дерлік Масабаның кешірім алуы үшін көтеріліске шыққан. Нәтижесінде билік оны босатуға мәжбүр болды. Десе де құдалау 4 жылға жақсқан. 2012 жылы Мохаммед 93 жасында көз жұмды. Осылайша ол Құдай алдында берген уәдесін бұзбаған деседі.



## Әлемдегі ең ұзын ерлі-зайыптылар

Вилко Ван Клифф-Болтон мен Кейша әлемдегі ең бойы ұзын жұп ретінде танымалдыққа ие. Олардың бой өлшемін біріктіргенде 4 метр 9 сантиметр шығады. Қызығы дәл осы ерекшелік бұл жұптың балаларына да дарыған. Бүгінде олардың алты жасар ұлы Лукастың бойының биіктігі 1,34 метр. Бұл қалыпты жағдайда 11 жастағы баланың бойымен шамалас. Ал төрт жасар Ева есімді қызының бой өлшемі 1,07 метрді құраған. Балақайлардың әлі де өсіп келе жатқанын ескерсек, олар болашақта әлі де «планетадағы ең бойы биік отбасы» атануы ықтимал. Отағасы Вилконның айтуынша, ол он жасында-ақ бойының 1,77 метр болуы жақындарының күдігін тудырған. Себебі бұл британдық ересек адамдардың орташа биіктігі болып саналады. Зерттеулер нәтижесінде Клифф-Болтонның денсаулығында ешқандай кінәрат табылмағанын және ол табиғатынан биік екенін жеткізген. Дегенмен төрт жылдан кейін, яғни 14 жасында тізе буыны өз салмағын көтере алмауы қауіпмен өсуді тежейтін гормондық екеп қабылдайды. Нәтижесінде Вилко 16 жасында физикалық тұрғыда өсуін тоқтатқан. Ал Клифф-Болтонның әйелі Кейша 31 жаста. Айтуынша, ол өз өлшеміне сай киім табудың қиын екенін жасырмайды. Әдетте әйелдерге арналған көйлекті футболка ретінде қолданатын Кейша талайдың таңданысын тудырған. Сондай-ақ ол кейбір авиакомпаниялардың ұшағымен сапарлау үлкен мәселе екенін айтады. Дегенмен ол бой биіктігінің пайдалы тұстарына да тоқталды. Мәселен биік сөрелерге еш қиналмай қолы жететінін мақтан етеді.



## 181 адамы бар отбасы

Әрбір отбасы өзінше дара. Дегенмен әлем халықтарында кездесетін кей отбасылар қайталанбайтын ерекшелікке ие. Мәселен әлемге «ең үлкен отбасы» атымен танылған Қытай азаматы Чаньның шаңырағындағы отбасы мүшелерін бір фотоға жинақтап түсірудің өзі қиын мәселе деседі. 74 жастағы Зион Чаньның 39 әйелі, 94 баласы, 14 келіні мен 33 немересі бар. Отбасы құрамында барлығы 181 адам жүз бөлмелі төрт қабат шаңырақ астында тату-тәтті ғұмыр кешуде. Екі баладан артық дүниеге әкелуді құптамайтын Қытай саясатын ескерсек, сіз де алғашында біз секілді таңқалғаныңыз ақиқат. Дегенмен бұл отбасы Үндістанның Мизорам штатының тұрғындары екен. Жергілікті халықтың айтуынша, Зион қайда сапарласа да жанында 7-8 әйелінің жүргенін қалайды және бұл отбасы уақытты босқа өткізбейді. Әйелдері кезектесіп әзірлесе, қыздары үй жинап, кір жуады. Ал ер балалар егіншілікпен және мал шаруашылығымен айналысады. 180 мүшесі бар отбасы күніне 90 келі күріш, 58 келден астам картоп, 39 тауық етін тұтынады. Иә, бір күнде!



## Менің атым Изобель...

Ұлыбританияда жалғыздықтан шаршаған Грейс Геллер есімді бойжеткен 2014 жылдың қараша айында өз-өзіне тұрмысқа шығуға ұсыныс жасап, наурыз айында үйлену тойын өткізген. Дәл осы жылы елде біржыныстылардың некеге тұруына рұқсат етілгендіктен, тұрғын өз-өзіне тұрмысқа шығуға бел бұған. Бойжеткен тойға 50 адамды шақырған көрінеді. Олардың арасында отбасы мен достары да бар. Шаңырақ көтеру рәсімі Геллердің айыны сүюімен аяқталды. Айтуынша, ол Бьюрктис «Менің атым Изобель, мен өзіме тұрмысқа шықтым» деген сөздерден тұратын «Изобель» атты әнінен шабыт алған. Британдық бойжеткен алты жыл бойы бойдақ болғанын алға тартты. Осы уақыт ішінде ол өзімен жақсы қарым-қатынас орнатқан. «Мен медитация, би және қойылым арқылы өзін-өзі дамыту жолынан өттім», – дейді ол. Жергілікті БАҚ бойжеткенді отбасы толық қолдайтынын жазды. Қонақтардың кейбірі қызды табиғатынан «нарциссист» деп бағалайды. Яғни, ол өзін жақсы көргені сонша, оған лайықты адам табу қиын екенін жеткізген.



## Пикси Фокс және Джастин Джедлика

39 жастағы Пикси Фокс әлемдегі ең танымал пластикалық хирургия әуесқойларының бірі. Оның бет-әлпетінен бастап, дене бітіміне жасатқан операцияларының тізімі әлі күнге дейін жалғасуда. Нақтырақ айтар болсақ, 6 қабырғасын алып тастап, жамбасының сыртқы және ішкі бөлігіне липосакция жасатқан. Көзінің түсін өзгертіп, кірпіктерін ұзартты. Сонымен қатар мұрын пішіні 3 рет, кеудесі 4 рет өзгеріске ұшыраған. Пикси нағыз Барби қуыршағы болу үшін қолдан келгенін бәрін жасады. Сонымен қатар оның басты мақсаты қуыршақ Кенді табу еді. Көп ұзамай-ақ ол пластикалық хирургияның аңызына айналған Джастин Джедликпен танысты. Джастин де кеудесіне имплантация, иығы мен бицепсіне бірнеше ота жасатқан. Оның денесінде бас-аяғы 16 имплант бар. Бұл жұп толық есептегенде, 450 пластикалық ота жасатқан екен. Пикси мен Джастин романтикалық қарым-қатынаста болмаса да, мінсіз денеге ұмтылу барысында бір-бірін жолықтырғанына һәм бірін-бірі толықтыратын үйлесімділік тапқандарына бақытты көрінеді. Сіз үшін бұл қаншалықты ақылға қонымды?







# ОТБАСЫЛЫҚ КӘСІП — ОРТАҚ НӘСІП



**Отбасы – тек шаңырақтың киесі емес, ұлттың іргетасын қалаушы құндылықтардың ұйытқысы. Бүгінде қоғамның назарында жүріп, өз еңбегімен жетістікке қол жеткізген жас отбасылар аз емес. Соның бірі – Бақдәулет Қойшыбай мен Ақбота Орынбай.**

2016 жылы бас қосқан бұл жұп бүгінде төрт баланың ата-анасы атанып, отбасылық жылулық пен өзара түсіністіктің үлгісін көрсетіп отыр. Әуелде екеуі де фельдшер мамандығын тандап, халықтың денсаулығын жақсартуға атсалысқанымен, кейіннен кәсіпкерлікке бет бұрып, жиһаз өндірісін өрістетуді жөн көрген. Кәсіби біліктілігі мен еңбекқорлығының арқасында олар бүгінде елдің назарында. Алдағы «Отбасы күні» қарсаңында жастарға жарқын үлгі боларлық жұппен әңгіме құрдық. Кейіпкерлердің отбасылық бизнесте табысқа жету жолдары мен алдағы мақсаттары туралы біліп, оқырмандарымызбен бөлісуді ұйғардық.

**– Жиһаз саудасына дейін немен айналыстыңыздар? Бұл шаңырақ көтергенге дейінгі ортақ мақсат па, әлде бизнесте кейін қадам бастыңыздар ма?**

**Бақдәулет:** – Отбасылы болғанға дейін кәсіп саласында тәжірибем болды. Себебі азық-түлік дүкеннің жұмысын жүргіздік. Бірақ бір орында тұрып қалмау үшін отбасымызбен жаңа салада өзімізді сынап көруді шештік. Адам өмір бойы бір іспен шектелмей, үнемі жаңалыққа ұмтылып, әртүрлі салаға қызығушылық танытуы керек деп ойлаймын.

**Ақбота:** – Шаңырақ көтергенге дейін жолдасым жиһаз саудасымен айналысатын. Отау құрмай тұрып «Болашақта осы ата кәсіпті әрі қарай бірге жүргізіп, дамытамыз, қолымыздан келгенше халыққа, елге көмегімізді тигіземіз» деп айтып жүретінбіз. Сол уәдемізді орындап, қазір заман талабына сай бұл кәсіпті өркендетіп, халыққа қызмет көрсетіп келеміз.

**– Жиһаз сату өтімді бизнес пе? Бұдан да бөлек кәсіптеріңіз бар ма?**

**Бақдәулет:** – Иә, бұл бизнесті өтімді деп айта аламын. Жиһаз сату – табыс табуға қолайлы кәсіп. Егер жиһаз сапалы әрі тартымды болса, оның өтімділігі де жоғары болады. Сондықтан біз нарықтың талаптарына сай, қолжетімді бағада өнім ұсынамыз.

Себебі елімізде экономикалық даму қарқынды жүріп жатыр, ал бұл жиһаз кәсібіне деген сұраныстың артуына ықпал етеді.

**Ақбота:** – Жиһаз саудасымен қатар азық-түлік дүкенін де тоқтатпадық. Бір кәсіпті екіншісімен ұштастыра отырып жүргізу, әрине, оңай емес. Жолдасым екеуіміз кез келген қиындықты таразыға салып талқылаймыз және шешу жолын қарастырамыз. Мәселені шешудің тиімді жолын қабылдаған соң, жұмысымызды мүмкіндігімізге сай атқарамыз.

**– Бұл салаға бет бұрғандарыңызға біраз болды. Халықтың сұранысы қалай өзгерді? Биыл қандай жиһаздар жақсы сатылды?**

**Бақдәулет:** – 14 жыл ішінде халықтың сұранысы айтарлықтай өзгерді. Заман ағамы бір орында тұрмайды. Күн сайын жаңа технология, үрдістер пайда болып, нарықтың талаптары да күрделене түсуде. Бұрын халық қолжетімді бағадағы өнімді ғана сатып алатын. Ал қазір сапа мен сәнге ерекше көңіл бөледі. Өздерінің талғамына сай дизайндағы жиһаздарды іздейді. Бұл бізге бизнесті дамытуға күш береді. Заман талабына сай болуға тырысып, жаңашылдыққа ұмтыламыз. Бұл да экономикалық өзгерістің, дамудың жақсы тұсы деп ойлаймын.

**Ақбота:** – Биыл шкаф пен шифоньерлерге сұраныс жоғарылап, сатылым артты. Әуелі Алланың қалауымен, отбасымыздың несібесі мен еңбегіміздің арқасында деп ойлаймын.

**– Көп адам жұмыс пен отбасын бөлек қарастырады. Сіздерде жеке өмір мен кәсіпкерлік арасында шекара бар ма? Ал екі бағытты қатар алып жүру қаншалықты қиын?**

**Бақдәулет:** – Жеке өмір мен кәсіпкерлік арасында нақты шекара жоқ. Өмірде қандай болсақ, жұмыста да солаймыз. Жұмыс барысында туындайтын түсініспеушіліктерді жеңіл қабылдап, бір-бірімізді жақсы түсінеміз.

**Ақбота:** – Отбасылық өмір мен кәсіпті қатар алып жүру біз үшін қиындық туғызбайды. Себебі әрқайсымыз өз міндетімізді жақсы білеміз. Жұмыс барысында алға қойған жоспарымыз бар. Сол жоспарды ұстанып, кәсіпті ретімен жүргіземіз.

**– Бүгінде жайлылық пен сапа басты орында. Жиһаздың сапалы шығуына не әсер етеді? Ал тұтынушылар тауар сатып аларда оның сапасына назар аударма ма?**

**Бақдәулет:** – Жиһаздың сапалы шығуы ең алдымен шебердің өз ісіне деген сүйіспеншілігі мен ынта-жігеріне байланысты деп ойлаймын. Егер жұмысына жүрегімен берілсе, өнім де сапалы болады.

**Ақбота:** – Тұтынушылар әдетте, тауарға тапсырыс бермес бұрын біз жасаған алдыңғы жұмыстарды қарап шығады. Өткен жұмыстарымызға сенім білдіріп, оң бағасын бергеннен кейін тапсырыс жасайды. Жиһаз толық дайын болған соң өз ризашылықтарын білдіріп алып кетеді.

**– Қалай ойлайсыздар, неге Қытайдан келетін жиһаз немесе басқа да өнімнің құны арзан? Бұл баға сапаға әсер ете ме, әлде логистикасы арзан ба?**

**Бақдәулет:** – «Арзанның суы татымас» демекші, арзан өнім қалай болса да сапасыз болып қалады. Біз үшін сапа бірінші орында тұрады деп толық айта аламын. Ал Қытайда басты назар экономикалық және қаржылық тиімділікке бағытталған деп ойлаймын. Сондықтан олардың жиһаздарының бағасы арзан әрі сапасыз.

**Ақбота:** – Иә, арзан баға сапаға тікелей әсер етеді. Жиһаздың материалдары мен құрал-жабдықтары неғұрлым арзан болса, өнімнің сапасы да төмендейді. Ал мықты материалдар қолданылған жиһаз ұзақ жылдарға шыдап береді.

**– Жиһаз жасауға қажетті өнімдерді қайдан аласыздар?**

**Бақдәулет:** – Жергілікті тауар тасымалдаушылармен біраз уақыттан бері әріптестік байланыс орнатып келеміз. Осы байланыс негізінде жиһазға қажетті өнімдерді толықтай өңірден аламыз.

**– Отбасылық бизнестеріңізде ереже бар ма? Ал жұмысты қалай бөліссіздер?**

**Бақдәулет:** – Отбасылық бизнесте өзіндік ережелеріміз бар. Ол тек бізге қатысты болғандықтан көпке жария етпейміз. Дегенмен үлкен жоспарды емес, тек жұмыс пен отбасылық өмірді ұштастыратын қарапайым ережелер.

**– Қалай ойлайсыздар, отбасында ақшаны кімнің ұстағаны дұрыс? Сондай-ақ отбасының береке-бірлігі кімге байланысты?**

**Бақдәулет:** – Отбасының береке-бірлігі екі адамға да байланысты. Әр адам отбасындағы орнын білу керек. Бір-біріне деген сыйластығы, түсіністігі болса отбасы да берекелі болады.

**Ақбота:** – Біздің отбасымыздағы қағида бойынша, ақшаны ер адам ұстағаны дұрыс. Себебі ер адам ол – отағасы, әйел адамнан бір саты жоғары тұруы керек.

**– Дүкенді франшизаға айналыру ойда бар ма? Алдағы уақытқа қандай жоспарларыңыз бар?**

**Бақдәулет:** – Тауар айналымын кеңейту, дүкеннің нүктелерін көбейтіп, алдағы уақытта франшизаға айналыру жоспарымызда бар. Мақсатқа жету үшін талмай еңбек етіп келеміз.

**Ақбота:** – Иә, франшизаға айналыру – басты жоспарымыздың бірі. Ең алдымен сапаға мән беріп, кәсібімізді әрі қарай дөңгелетеміз.

**– Отбасылық кәсіп бастағысы келетін жастарға қандай кеңес бересіздер?**

**Бақдәулет:** – Отбасылық кәсіп бастағысы келетін жастарға айтарымыз, отқа салса жанбайтын, суға салса батпайтын қайсар мінезді, тәуекелшіл болыңыздар. Себебі кәсіп жүргізуде адамға ең керекі – қайсарлық пен еңбекқорлық. Еңбек еткен адам түптің түбінде өз мақсатына жетеді. Сондықтан да жастарға еңбектеніңіздер, болашақта міндетті түрде жемісін көресіздер деп айтқым келеді.

**Ақбота:** – Иә, отағасымен толықтай келісемін. Еңбек бар жерде береке бар. Сондықтан тек қана еңбектеніңіздер, нәтижесі сіздерді қуантады.

## 1-бетте



# ОТБАСЫ КҮНІ: ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ МЕН ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ МЕРЕКЕСІ

Қызылорда облысында мерекеге орай 33 қоғамдық-бұқаралық, мәдени-көпшілік, ағартушылық-зияткерлік, ғылыми-танымдық және спорттық іс-шара ұйымдастырылады. Нақтыласақ, 2 қыркүйек «Отбасылық дәстүрлер: тарихымызды сақтаймыз, болашақты құрамыз», 3 қыркүйек «Отбасын жоспарлау», 4 қыркүйекте «Саналы түрде ата-ана болу» тақырыбы қозғалып, түрлі басқосу өтті. Ал 5 қыркүйекте «Дені сау ұрпақ», 6 қыркүйекте «Мықты отбасы – мықты мемлекеттің кепілі», 7 қыркүйек күні «Отбасылық әл-ауқат» атты іс-шарада түрлі мәселелер қарастырылады. 8 қыркүйек «Отбасылық демалыс: бақытты болашаққа инвестиция» тақырыбымен қорытындыланады.

Бұл күнде отбасы мүшелерінің бірге өткізетін уақытының маңызы, демалыстың отбасылық байланыстарды нығайтудағы рөлі айқындалады. Отбасы күнін атап өту, отбасы мен некені құрметтеу, отбасы құндылықтарын кеңінен насихаттау, ата-аналардың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін арттыру, балалардың қарт ата-аналарына деген қамқорлығын күшейту және өмірлік тәжірибені жастарға үлгі ретінде ұсыну мақсатында ұйымдастырылуда.

Сонымен қатар кейінгі екі жылда инфрақұрылымды дамыту бойынша облыста көптеген әлеуметтік нысан бой көтерді. Оның ішінде отбасы құндылығын насихаттау, ұлттық құндылықтарды дәріптеу мақсатында «Отбасы орталығы» қарқынды жұмыс істеуде.

– Елімізде отбасы институтына

қамқорлық пен көмек үздіксіз көрсетіліп келеді. Ана мен баланы қорғауға арналған қаржы, көпбалалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар көлемі жыл сайын артуда. «Бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербеткен» алтын құрсақты аналарымыздың 17 мыңға жуығы «Алтын алқа» мен «Күміс алқа» иелері, 34 мыңға жуығы көп балалы отбасылар. Облыс бойынша ай сайын 2 млрд 85 млн теңгеге мемлекеттік жәрдемақы төленуде. Отбасыларды мемлекеттік қолдау мақсатында, оның ішінде жас отбасылардың тұрғын үй мәселесін шешуге көмек көрсету аясында облысымызда «Сыр жастары» өңірлік тұрғын үй бағдарламасы» қабылданды. Нәтижесінде жыл басында 60 жас отбасы қоныс тойын тойлады. Ал жыл соңына дейін 40 жас отбасыға пәтер кілттері табысталады, – деді Шахмардан Байманов.

Отбасы құндылықтарын дәріптейтін ең табысты жобалардың бірі – «Мерейлі отбасы» конкурсы. Биыл 250-ден астам отбасы құжат тапсырып, оның 16-сы облыстық кезеңге жолдама алып, өткен аптада облыстық кезеңнің жеңімпаздарын салтанатты түрде құттықтау рәсімі өтті. 11 бала, 47 немере, 66 шөбере және 2 шөпшек тәрбиеленіп отырған Бектаевтар отбасы бас жүлде иеленді. Енді Бектаевтар отбасы 6 қыркүйек күні Астана қаласында өтетін республикалық «Мерейлі отбасы» конкурсында Қызылорда облысының атынан қатысып, жеңіп атануға үмітті.

Әлия ЖАНӘБЛҚЫЗЫ



Жуырда Қызылорда облыстық сотында «сот жүйесінде мемлекеттік тілді қолдану» мәселелері бойынша семинар өтті.

## ОБЛЫСТЫҚ СОТТА СЕМИНАР ӨТТІ



Семинарға Сот әкімшілігі департаментінің бөлім басшылары, аудандық және оған теңестірілген сот әкімшілерінің басшылары және мамандары бейнебайланыс жүйесі арқылы қатысты.

Облыстық соттың судьясы Ш.Маликова семинарды ашып, күн тәртібіндегі мәселемен қатысушыларды таныстырып, тақырыптың маңыздылығына тоқталды.

Ш.Маликова өз сөзінде бүгінгі сот жүйесіндегі іс құжаттары мемлекеттік тілде жүргізілетінін, бұл көрсеткіштер жыл сайын есепленіп келе жатқанын атап өтіп, мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру мәселесін ұдайы назарда ұстап, мемлекеттік тілде түсетін талап қоюлар мен өтініштер санын арттыру керектігін сот әкімшілерінің басшыларына жеткізді.

Мемлекеттік тілді дамыту бөлімінің бас маманы Г.Тәуекел «Іс құжаттарының мемлекеттік тілде дұрыс жазылуы» тақырыбында баяндама жасап, іс қағаздарын жүргізуде кемшіліктер кетіп жататынын, алдағы уақытта мемлекеттік тілді дұрыс қолдану дағдыларын қалыптастыру керектігін атап өтті.

Сонымен қатар кадр бөлімінің басшысы Ж.Дүйсенова және бас маман К.Ерманова «Е-қызмет» ақпараттық жүйесі бойынша түсіндірме жасады. Семинар соңында қатысушылар өзара пікір алмасты.

Қызылорда облыстық сотының баспасөз қызметі

## ЖҰМЫСШЫНЫҢ ЕҢБЕК ҚҰҚЫҒЫ ҚОРҒАЛДЫ

Қызылорда қалалық сотына талап қоюшы Н. жауапкер «ТП» АҚ-нан тәртіптік жазалар туралы бұйрықтарды заңсыз деп тану, жұмысқа қалпына келтіру, амалсыздан бос жүрген уақыты үшін еңбекақы өндіріп алу туралы талап қоюмен жүгінген.

Талап қоюшы Н. «ТП» АҚ-ның экономика және қаржы бөлімінің бастығы лауазымын атқарған. Талап қоюшымен еңбек келісім шартын бұзу туралы бұйрықты шығаруға тәртіптік жазасы бар жұмысшы еңбек міндеттерін дәлелді себепсіз қайталап орындамағаны немесе қайталап тиісінше орындамағаны негіз болған.

Алайда талап қоюшының және оның бөлімінің және бөлім қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарында ҚР Энергетика министрлігінің бұйрығына сәйкес есептерді тапсыру туралы қызметтік міндеттемелері жоқ және болмаған.

Сол себепті соттан талап қоюшы жұмыстан заңсыз шығарылуы оның аржағанды мен қадір-қасиетіне зиян тигізіп, оның іскерлік беделіне нұқсан келтірді деп санап, жауапкер «ТП» АҚ-нан моральдық шығын өндіруді, тәртіптік жазалар туралы бұйрықтардың күшін жоюды және экономика және қаржы бөлімінің бастығы қызметіне қайта орналастыруды сұраған.

Істі сотта қарау барысында талап қоюшының уәждері дәлелін тауып, жұмыс беруші тарапынан Еңбек кодексіне көзделген негіздер бұзылғаны анықталды.

Сот шешімімен талап қоюшының талабы қанағаттандырылып, жауапкер «ТП» АҚ-ның тәртіптік жазалар туралы бұйрықтардың күші жойылып, талап қоюшы Н. экономика және қаржы бөлімінің бастығы қызметіне жұмысқа қайта орналастырылып, лажсыз бос жүрген уақытына 3 694 496 теңге өндірілді.

Осылайша, жұмысшының еңбек құқығы заңмен қорғалды.

Қызылорда қалалық соты

Қызылорда облысы бойынша мемлекеттік қызметшілер арасында «Qyzylorda Qyzmet Cup» кубогына өткізілген облыстық футбол чемпионатында Қызылорда облысы бойынша Сот әкімшілігі департаментінің командасы I орын иеленіп, чемпион атанған болатын.

## СОТ ӘКІМШІЛІГІ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ ФУТБОЛ КОМАНДАСЫ «QYZMET CUP ҚАЗАҚСТАН» ЧЕМПИОНАТЫНА ҚАТЫСАДЫ



Осыған орай, біздің команда республикалық кезенге табан тіреп, Астана қаласында ұйымдастырылатын «Qyzmet Cup Қазақстан» чемпионатына қатысуға мүмкіндік алды.

Сот Әкімшілігі департаментінің командасы 29 тамыз – 1 қыркүйек аралығында Астана қаласында өтетін Қазақстан чемпионатында өнер көрсетеді.

Осы ретте, Қызылорда облысының намысын қорғайтын команданың республикалық турнирге қатысуына қолдау көрсеткені үшін Қызылорда облыстық шағын футбол федерациясының пре-

зиденті Ә.Шығамбаевқа, Сот Әкімшілігінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің басшысы С.Сүлейменге, Судьялар Одағының Қызылорда облысы бойынша филиалының төрағасы Б.Елшібековке, Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Қызылорда облысы бойынша департаментінің басшысы Е.Мендалиевке алғысымызды білдіреміз.

Тартысқа толы доғаға аттанғалы отырған әріптестерімізге сәттілік пен жарқын жеңіс тілейміз!

Қызылорда облыстық сотының баспасөз қызметі

## ҰЯЛЫ ТЕЛЕФОН ҰРЛАП, ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІККЕ ТАРТЫЛДЫ



Байқоңыр қалалық сотында Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 188-бабы 1-бөлігімен А-ға қатысты қылмыстық іс қаралды.

Сотталушы А. жәбірленуші М. пәтердің зал бөлмесінде спирттік ішімдігін ішіп, жәбірленушінің масан күйде ұйықтап қалғанын байқап, ұрлап, яғни құны «S» маркалы ұялы телефонын жасырын жымқырып, жалпы мөлшері 28506 теңге материалдық залал келтіріп, қылмыстық құқық бұзушылық әрекетін жасаған.

Басты сот талқылауында сотталушы А. кінәсін толығымен мойындап, қазіргі кезде келтірген зиянның орнын толтырғанын, жасаған әрекетіне шын жүректен өкінетінін айтып, жәбірленушімен медиациялық тәртіпте татуласуына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босатуды сұрады.

Басты сот талқылауы барысында жәбірленуші М. сотталушы А. тарапынан қылмыспен келтірілген материалдық шығын өтелгенін, сәйкесінше медиациялық келісімге келгендерін көрсетіп, іс бойынша өндірісті тоқтатуды сұрады.

Сотталушы А. ҚК-нің 191-бабының 1-бөлігінде көзделген қылмыстық жауаптылықтан ҚК-нің 68-бабының 1-бөлігіне сәйкес, жәбірленушімен татуласуына байланысты босатылып, қылмыстық іс тоқ-

татылған. Сондықтан осы іс бойынша тараптардың татуласуына байланысты сотталушының қылмыстық жауаптылықтан босатуға негіздер жоқ. Себебі сотталушы бұрын жасаған қылмысы үшін тараптардың татуласуына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босатылғаннан кейін қылмыстық жауаптылыққа тартудың ескіру мерзімі ішінде осы қасақана қылмысты жасаған.

Сот үкімімен сотталушы А. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 188-бабы 1-бөлігімен кінәлі деп танылып, оған 1 жыл 6 ай мерзімге бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалды.

Сот үкімі заңды күшіне енген жоқ.

Байқоңыр қалалық соты

Қызылорда облысының кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында Қазақстан Республикасы «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 127-бабы 3-бөлігімен азаматша Д.-ға қатысты іс қаралды.

## СЫНЫПТАСЫНА ДЕНЕ ЖАРАҚАТЫН САЛҒАН

Анықталғандай, азаматша Д.-ның тәрбиесіндегі кәмелетке толмаған ұлы Н. сыныптасының бет тұсынан бір мәрте теуіп, дене жарақатын салып, қылмыстық құқық бұзушылық белгілері бар қасақана іс-әрекет жасауына алып келген іс-әрекет жасаған.

Яғни азаматша Д. ұлының тәрбиелеу және білім беру оның құқықтары мен мүдделерін қорғау жөніндегі міндеттерді орындамау, қылмыстық құқық бұзушылық белгілері бар қасақана іс-әрекет жасауына алып келген іс-әрекетті жасауына жол берген.

Азаматша Д. сотқа берген түсінігінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамамен келісетінін, енді қайталанбайтынын айтты.

Сот қаулысымен Д. Қазақстан Республикасы «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 127-бабының 3-бөлігімен кінәлі деп танылып, оған 51688 теңге көлемінде айыппұл салынды.

Қызылорда облысының кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты

## МАС ЖҮРГІЗУШІ ТӨРТ ЖЫЛҒА БАС БОСТАНДЫҒЫНАН АЙЫРЫЛДЫ

Арал аудандық сотында Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 346-бабының 2-бөлігімен айыпталған О.-ның қылмыстық ісі қаралып, айыптау үкімі шығарылды.



Сотталушы О. сот үкімімен төмендегідей қылмыс жасағаны үшін айыпты деп танылған. Атап айтқанда ол, Қазалы аудандық сотының 26 наурыз 2021 жылғы қаулысымен жеті жыл мерзімге көлік құралын басқару құқығынан айырылған тұлға бола тұра, осы жылдың 27 маусымы күні алкогольдік масан күйде мотоциклді басқарып, жол жүрісі қағидаларының талаптарын өрескел бұзып, басты жолда келе жатқан А.-ның басқаруындағы «Toyota samru» автокөлігіне соғып, жол-көлік оқиғасын жасаған. Қылмыстық заңнамаға сәйкес, бұл қылмыстық әрекет ауыр қылмыстар санатына жатады.

Сотталушының қылмыстық әрекеті өзінің кінәсін мойындаған жауабымен, жәбірленушінің, куәлардың жауаптарымен, сараптама қорытындыларымен және іс бойынша басқа да дәлелдемелер жиынтығымен дәлелденген.

Сот үкімімен О. Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 346-бабының 2-бөлігімен кінәлі деп танылып, көлік құралын жүргізу құқығынан өмір бойына айыра отырып, 4 жыл мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалған.

Үкім заңды күшіне енген.

Арал аудандық соты

Қармақшы аудандық сотында Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 434-бабының 1-бөлігі бойынша М.-ға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қаралды.

## ҚОҒАМДЫҚ ОРЫНДА ТӘРТІП БҰЗҒАН ӘЙЕЛ ЖАУАПТЫЛЫҚҚА ТАРТЫЛДЫ

М. «А» сауда үйінің екінші қабатында жәбірленуші А.-дан қарыз ақшасын сұрап келіп, өзге сатып алушылардың көзінше айқай-шу шығарып, киімінен тартып, қолындағы телефонды қағып, жеке тұлғаға зәбір көрсетіп, айналасындағыларға сыйламаушылық білдіретін әрекет жасаған.

Іс құжаттарына сәйкес, М.-ға қатысты шара қолдану туралы әкімшілік құқық бұзушылық хаттамалар және бейнежазбамен расталған.

Жәбірленуші сотқа арыз жолдап, онда М.-ға кешірім бермейтінін, оған заң жүзінде шара қолдануды сұраған.

Сот қаулысымен М. Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 434-бабының 1-бөлігімен кінәлі деп танылып, оған 51688 теңге айыппұл жазасы тағайындалды.

Қармақшы аудандық соты





Айдос СҰЛТАНҒАЛИ:

# ӘРБІР СПОРТШЫНЫҢ ЕҢБЕГІ БАҒАЛАНСА ДЕЙМІН

қазіргі буын ол туралы көп біле бермейді. Белдесулері туралы бейнежазба да жоқтың қасы. Ағайларымыздың айтуынша, ерекше талантты палуан болған. Бозкілемде өзінің әдісін қолданып, 2-3 минут ішінде қарсыласын жығып салатынымен ерекшеленген.

Тағы бір үйренерім көп спортшы – әлем чемпионатының екі дүркін жүлдегері, Атланта Олимпиадасының чемпионы, қазіргі бапкерім Юрий Мельниченко. Оның кілемдегі күресі ұнайды. Барлық белдесуім толық қарап шықтым.

Палуан ретінде одан алатын тәжірибе көп. Ол қарсыласын уақытынан бұрын ірі есеппен ұтып отырады. Сонысымен жанкүйерлердің есінде қалды.

– Спорттық карьераның қатты өкініш сәтін бар ма?

– 2023 жылдың басында жарақат алып қалдым. Сол уақытта «Алдағы жарыстар не болады?», «Олимпиаданың жолдамасын ұта аламын ба?» деп ұзақ ойдың үстінде жүрдім. Сосын өзімді қолға алып, жаттығу залына бара алмасам да ойыммен күрес алаңында жүргендей сезініп, дайындала бастадым. Соның арқасында мидағы артық нәрселерді сыртқа шығардым.

Жарыстарда жеңіліп қалып жатамыз. Бірақ ол маған әрі қарай қозғалуға мотивация береді. Өйткені әрбір жеңілістен сабақ алып, келесіде жол бермеуге тырысамын.

– Айдос Сұлтанғалиды 2028 жылы АҚШ-тың Лос Анжелес қаласында өтетін Олимпиададан көре аламыз ба?

– Өздеріңіз білетіндей, биылғы Олимпиада жүлдегерлерінің жартысы дерлік 30 жастан асып кеткен. Неге сондай жаста мен де өз бағымды сынап көрмеске?! Келесі Олимпиаданы бағындыру – менің басты мақсатым және сол үшін бар күш-жігерімді саламын. Алла қалап, сол күн бұйырса екен деймін. Бастысы, денсаулығымды күтуім қажет. Ал оған дейінгі арманым – Әлем чемпионатын ұту.

– Артыңыздан ерген кейінгі буын спортшыларға не айтасыз?

– Жуырда Иорданияның Амман қаласында жасөспірімдер арасында өткен Әлем чемпионатында ініміз – Алғамыс Болатұлы күміс жүлдегер болды. Міне, осындай жағымды жаңалықтар алдыңғы буын аға ретінде марқайтып қояды.

Бірақ қазір Сыр елінде күрестен атой салып, топ жарып жүрген спортшылар саусақпен санарлық.



Тағы бір айта кетерлігі, кейбір спортшылар «Олимпиаданың аура-сы бөлек, Азия мен Әлем чемпионаттарымен салыстыруға келмейді» деп жатады. Шынында, олай емес. Ешқандай өзгеріс жоқ деп айта аламын. Өйткені жарысқа қандай дайындықпен барасың, дәл солай белдесіп шығасың. Бағың жанса жүлде аласың, бағың жанбаса келесі бәсекеге дайындаласың. Сол үшін артық ойдың барлығын боз кілемнің сыртында қал-

дыру қажет. Өзімнің кейінгі өсіп келе жатқан спортшыларға айтарым – үлкен турнирлердің өзіне аса бір қорқынышпен қарамау керек. Қандай ауқымды жарыс болса да өзіңнің жылдар бойы жинаған тәжірибенді сол жерге салу маңызды.

– Өңгімеңіз үшін рақмет! Алдағы додаларда жеңіс тілейміз!

Сұхбаттасқан  
Абзал ЖОЛТЕРЕК

Басы 1-бетте

– Алғашқы белдесуде Жоламан Шәршенбековке есе жібердіңіз. Қырғыз палуаны бұған дейін де сізді әлем чемпионатының жартылай финалында тізе бүктірген болатын. Жалпы қарсыласыңыз Жоламан екенін білгеннен кейінгі сезім қалай болды?

– Жоламан – мықты палуан. Әлемді бағындырып, өзін мойындатып жүрген спортшы. Соңғы жылдары қатты қарқын алып, барған жарыстың барлығынан жеңімпаз атанып келеді. Париж Олимпиадасында да өзінің әлемдік үздіктер қатарында екенін дәлелдеп, қола жүлдені қоржынына салды.

Белдесуге үш күн қалғанда Парижге жеттік. Арнайы жаттығу орындарында дайындық үстінде болдық. Әлемнің кіл «сен тұр мен атайын» спортшыларының барлығы сол жерде бас қосты. Ел алдына шықпас бұрын, өзіміздің де арамдыда белдесулер болып тұрады.

Басты додаға бір күн қалғанда кешкілік жаттығу залында жеребе бойынша қарсыластарымыз белгілі болды. 4 жылда бір келетін бәсекеге кім жеңілімін деп келеді дейсіз. Жоламанмен белдесетінді білгенде «жеңемін» деген өзіме мақсат қойдым. Берілген уақыт ішінде бар күш-жігерімді салып, сонына дейін күрестім. Бірақ бұйырмады.

Бір жағынан жеребе мен үшін сәтсіз түсті деп ойлаймын. Өйткені екінші

– Бұған дейін басқа қалалардан ұсыныстар түскенін естідіңіз. Яғни өз облыстарының атынан шығуға қолқа салып, үй-жайыңызды, көлігіңізді реттеп беретіні жайлы айтылыпты. Алдағы уақытта өзге өңірдің намысын қорғау жоспарыңызда бар ма?

– Иә, бірнеше облыстан ұсыныс түсті. Бірақ мен өзімнің туған жерімнің намысын абыроймен қорғағым келеді. Тек өз спортшыларына лайықты құрмет болса екен деймін. Өйткені төккен терің, еткен еңбегің бағаланбай қалса, қынжылып қаламыз.

– Мемлекеттен жәрдемақы аласыз ба?

– Өрине. Қазақстанда үздік үштікке иінісен, арнайы берілетін жәрдемақылар бар. Ал Олимпиадаға баратын кезде Қызылорда облыстық күрес федерациясы көлік сыйға тартты. Спортта текке жүрмегенімді білдіріп, демеп отырса оның өзі біз үшін үлкен күш. Қолдау жасаған отбасыма, бапкерлеріме, Мұстафа Садық ағамызға және басқа да ағаларға шынайы алғысымды білдіремін!

– Бір сұхбатыңызда Әлем және Олимпиада чемпионы, КСРО-ның еңбек сіңірген спорт шебері – Шәміл Серіковтің күресін қайталағым келеді» деген екенсіз. Атақты спортшыға еліктейсіз бе?

– Иә, мен еліктейтін спортшы – 1980 жылы Мәскеу Олимпиадасының чемпионы Шәміл Серіков. Ағамыз ертеректе өмірден өтіп кеткен соң,

# ҰЛЫ ДАЛА ДҮБІРІ



кеңістігін ғана емес, басқа да көптеген елдерді қамтып, кең аудиторияның назарын аударды. Ал байрақты бәсеке өткізу құқығы қазақ еліне берілуі – ойындарды өткізетін елдердің тізімін кеңейткені анық.

Дүниежүзілік көшпенділер ойындары – бай мәдени мұра, дәстүрлі спорт түрлері мен

колонерді көрсетуге арналған бірегей алаң. Аталған спорттық оқиға мыңдаған спортшы мен көрерменді тартып, достық пен ынтымақтастық атмосферасын құрады. 89 елден ат басын бұрып, Астана төрінде бак сынайтын 2000-нан астам спортшы 21 спорт түрінен 97 медальді сарапқа салады.

Дүбірлі додаға 100 мыңнан астам турист келеді деп жоспарланып отыр. Соған сәйкес жуырда Мемлекет басшысы арнайы кеңес өткізіп, Ұлттық құраманың, спорт кешендерінің, қонақ үйлер мен мәдениет орындарының дайындығын пысықтады. Оған қоса қоғамдық көлік, қауіпсіздік және тазалық мәселелерін де назардан тыс қалдырмады.

«Көшпенділер ойындары – ұлттық спорт түрлері бойынша өткізілетін әлемдегі ең ірі жарыс. Сондықтан да байрақты бәсеке жоғары деңгейде ұйым-

дастырылып, халқымыздың терең тарихы мен мәдениетін, қонақжайлық қасиетін паш етуі керек. Жеймандар мен спортшыларға қажетті жағдай жасау аса маңызды», – деді ел Президенті.

Қазақстанда тұңғыш рет өткелі отырған басты доданың ұйымдастырылуына еліміздің барлық облыс атсалысты. Өйткені әрбір өңірдің өзіне жүктелген міндеті, бекітілген жоспары, қолға алған іс-шаралары бар. Оның ішінде Сыр елінің де жасаған жұмысы аз емес. Бұл жөнінде бізге облыстық дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының басшысы Жанмұрат Сейілов айтып берді.

– Көшпенділер ойындарының маңызын ескеріп, халық арасында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу үшін облысқа танымал, қоғамдық пікір қалыптастырып жүрген азаматтар арасынан Батыр мен Елшілер іріктелді. Аймақта

ұйымдастырылған спорттық шаралардың барлығы Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының танымал ету мақсатын қамтыды. Әкімдіктің ресми сайтында ойынның ресми порталына сілтеме жасай отырып, ДҚО логотиптері орналастырылды. Жергілікті телеарналарда аталған тақырыпта сюжеттер көрсетіліп, арнайы әзірленген анонстық бейнероликтер тәулігіне 2 рет көрсетілді. 80-нен аса іс-шаралар ұйымдастырылды. Мұның барлығы да көшпенділер ойынының маңыздылығын арттырады, – деді басқарма басшысы.

21 спорт түрі енгізілетін көшпенділер ойындарында ұлттық құрама атынан 200 спортшы бақ сынады. Оның 11-і Сыр елінен. Қазіргі таңда барлығы дерлік сақайдай сай. Әр аймақтың таңдалған спортшылары бас қалаға ағылып, соңғы жаттығу жұмыстарын жүргізуде. Бүгінгі күні әр аймақтың батыры бастаған елшілер қосыны Арқа төріне жетіп үлгерді. Барлық өңірде арнайы «Бірлік керуені» ұйымдастырылып, су алу шарасы өтті. Облыстардан әкелінген торсықтағы су ашылу салтанатында тайқазанға құйылады. Бұл бірліктің белгісі болмақ.

Мұндай ауқымды шара Қызылорда қаласында да өтті. Су алу үшін Қаратау етегіндегі Сауыскандық шатқалы таңдалды. Шатқалдың негізгі орын ретінде белгіленуі де бекерден-бекер емес. Өйткені Сауыскандық петроглифтерінде өткізудің өзіндік символикалық мәні бар. Бұл орын – тарихи те-

рең археологиялық ескерткішпен қоса табиғат ландшафтысы ерекше орын.

Керуен аясында шатқалдан су алған елшілер Қызылорда қаласындағы «Сыр ана» монументіне келіп тоқтады. Әлемнің түкпір-түкпірінен жиналған кіл мықты спортшылар бас қосатын V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына Сыр елінен аттанатын батыр мен елшілерге аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев сәттілік тілеп, су сақталған торсықты жерлесіміз «Қазақстан барысы» – Мақсат Исағабаловқа табыстап, сенімін білдірді.

Шыны керек, дүбірлі додаға 21 спорт түрі бекітілді дегенімізбен, оның 10-ға жуығы қазақтың ұлттық спорты болмақ. Нақтыласақ, көкпар, теңге ілу, жамбы ату, аударыспақ, тоғызқұмалақ және құсбегілік пен бәйге бар. Қалғаны Орталық Азияның ұлттық ойын түрлерінен іріктеліп алынған. Ал бак сынайтын спортшылар үшін қазылық етуге 360-қа жуық төреші нақтыланған екен.

Екі жыл сайын өтетін Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының ашылу салтанаты «Астана-Арена» стадионында, жабылуы 10 мың адамдық «Қазанат» ипподромында өтеді деп жоспарланып отыр. Соның аясында «Көшпенділер әлемі» этноауылы құрылады. Бір күнде 30 мың келушіні қабылдайтын этноауылда Қазақстан мен әлем елдерінің үздік колонер шеберлерінің көрме-жәрменкесі, шеберлік сабақтары, ақындар айтысы мен төл мәдениетімізді паш ететін қосымша іс-шаралар ұйымдастырылады.

А.БАҚЫТҰЛЫ



Санаулы күннен соң Арқа төрінде төрткүл дүние көз тіккен V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының байрағы көтеріледі. Бұл тарихи оқиға – әлемдегі көшпенді халықтардың мәдениеті мен спорттық дәстүрлерінің тоғысатын сәті. Орталық Азия халықтарының ұлттық ойындарына негізделген дода – адамзат өркениетінің мұрасы ретінде этносportтық және этномәдени қозғалысын дамытуға бағытталмақ.

Алғаш рет Қырғыз Республикасында ойластырылып, жүзеге асырылған халықаралық спорттық шара әлемдік мәртебеге ие болып, барған сайын Еуразия





# ҚАЗАҚ ТАРИХЫНДАҒЫ ПИРАМИДАЛАР



ТУРАЛЫ  
БІЛЕМІЗ БЕ?

Алматы облысының Кербұлақ ауданында ерте темір дәуірінде өмір сүрген сақтардың ірі жерлеу орындары бар екенін білесіз бе? Бесшатыр қорымынан «Жетісу пирамидасы» деп аталатын ең үлкен қорған табылған. Оның биіктігі 17 метрге дейін жетіп, диаметрі 100 метрге жуық аумақты алып жатыр.

Бесшатыр қорғандары лабиринттерден тұратын жерасты шұңқырларымен ерекшеленеді. Олардың бірі сақ билеушілерінің қабіріне апарды. Бұл құрылыс түрі – сақ тайпаларының инженерлік білімі мен мәдени дәстүрлерінің жоғары деңгейде болғанын айғақтайтын түсінік береді. Бесшатыр қорғандары маңызды археологиялық ескерткіш болып қана қоймай, ежелгі сақ халықтарының өмірі мен әдет-ғұрыптарын, олардың кейінгі өмір туралы сенімдері мен түсініктерін тереңірек ұғындырады.

Тарихшылардың пікірінше, біздің дәуірімізге дейінгі I ғасырда, қазіргі Қазақстанның аумағын мекендеген ежелгі сақтар ата-баба рухына табынған. «Бесшатыр» атауына қарамастан, қорымға жиырмаға жуық қорған кіреді. Бұл атау алыстан көрінетін ең үлкен бес қорғанға байланысты қойылса керек. Тағы бір дерек – патша әулеті мен ақсүйектердің жерленген жері дәл осы қорғандар болған. Бесшатыр – сақтар дәуіріндегі басқа археологиялық ескерткіштерден өзінің монументалдылығымен, жалпы құрылыс жүйесімен ерекшеленеді.

Археологтар қазба жұмыстары кезінде көптеген ерекше артефактісін тапты. Олардың арасында киімді безендіру үшін қолданылатын алтыннан жасалған зергерлік бұйымдар, сондай-ақ алтынмен көмкерілген темір таяқша бар. Бұл олжалар осында жерленген адамдардың ауқаттылығын тағы да растайды. Ауқатты, беделді халық Тянь-Шань шыршаларынан жасалған бөренелерден тұрғызылған үйлерде жерленген. Ал бұл үйлер әр қорымның төрінде орналасқан. Бар байлығы мен жылқыларын бірге көміп, о дүние де көмек болады деп сенген.

Бесшатыр кешені маңызды тарихи ғана емес, сонымен қатар танымал туристік орын болуы тиіс. Келушілер Ұлы қорғандарды көріп, ежелгі тарихты қолымен ұстап, Орталық Азия тарихында елеулі із қалдырған сақтардың мәдениеті мен дәстүрлері туралы мағлұмат алады.

Айсара МЕЙРАМБЕКОВА

Бүгінде кәсіпкерлік пен маркетингті қатар алып, бизнестің дамуына жаңа тәсіл енгізген жастар қатары артып келеді. Заманауи технологиялар мен жаңа әдістер кәсіпкердің жетістікке жетуіне жол ашады. Осындай табысты жас кәсіпкердің бірі – «One Pro Group» агенттігінің негізін қалаушы Оңталап Айбатов. Ол 6 жыл бизнес саласында жұмыс істеп, өз кәсібін дөңгелетуде білімін жетілдіріп, маркетинг әлеміне бет бұрды. Біз оның жетістігі мен маркетингтің бизнеске әсері туралы сұрадық.

ОҢТАЛАП АЙБАТОВ:

## МАРКЕТИНГ — БИЗНЕСТІҢ ЖҮРЕГІ



Оңталап Айбатов – бастапқы мамандығы есепші болғанымен, кәсіби мансабын кәсіпкерлікке бағыттаған жалынды жас.

– Негізгі мамандығым – есепші. Дегенмен бизнес саласында жүргеніме 6 жыл болды. Өз кәсібімді жүргізу барысында оны дамыту, сату көлемін арттыру тақырыптары мені ерекше қызықтырды. Білімімді толықтырып, кейін маркетинг саласына бет бұрдым.

Екі жыл бұрын Қызылордада SMM маманын табу қиын еді. Бір маман төрт жобамен айналысып, бұл сапалы жұмыс істеуге келергі келтіретін. Мұндай мәселелерді байқаған соң, кәсіпкерлерге қолдау көрсету мақсатында маркетинг агенттігін ашуды қолға алдым, – деді ол.

Әрине, кәсіп бастау оңай емес. Оңталап та түрлі қиындықтарға тап болғанын айтты.

– Біз барынша келісімшарт бойынша жұмыс істеуге тырысамыз. Бірақ кейде тапсырыс берген кәсіпкер тоқтап қалады немесе кәсіпкерлер жаңа деңгейге шығуға қорқады. Жақсы нәтижеге қол жеткізіп келе жатқанда біздің де жұмысымыз тоқтайды. Екіншіден, Қызылордада білікті кадр әлі де таппы. Күн сайын мамандар іздеуге үлкен күш жұмсаймыз, – деді кейіпкер.

Маркетинг агенттіктері арасында бәсекелестік жоғары. Дегенмен «One Pro Group» өзіндік ерекшеліктерімен танымал. Оңталаптың айтуынша, компанияның басты артықшылықтары – сапа мен жауапкершілік.

– Біздің агенттік SMM, таргетинг, мобилография сияқты салаларда сапалы қызмет көрсетуге ұмтылады. Әрине, жұмыс барысында түрлі стратегияларды қолданамыз. Бірақ нақты бекітілген тәсіл болмайды. Себебі әр бизнеске сәйкес стратегия өзгереді, – деп атап өтті Оңталап Айбатов.

Маркетингтің бизнеске әсері сөзсіз маңызды. Ол компанияның өсуіне, тұтынушылардың назарын аударуға және нарықта бәсекеге қабілеттілікті сақтауға мүмкіндік береді.

– Бизнес адам болса, маркетинг оның жүрегі іспеттес. Жүрек қалай адамның өмір сүруіне қажетті ең маңызды орган болса, маркетинг те бизнес үшін сондай маңызға ие. Ол істің алға жылжуына, клиенттермен байланыс орнатып, өнім мен қызметті тиімді сатуға жол ашады. Маркетинг – бизнесті алға жетелеуші күш, оны даму мен өсудің қозғалтқышы десек те болады, – деді кәсіпкер.

Компанияның ашылғанына бір жыл енді болды. Агенттіктің қол жеткізген жетістіктері де аз емес.

– «Study Link» оқу орталығының Түркістан мен Қызылордадағы филиалдарымен жұмыс істедік. Бір жыл ішінде оң нәтижелерге қол жеткізіп, келісімді тағы бір жылға ұзарттық. Оқушылар саны 600-ден 1200-ге дейін өсті. Қызылордада орталықтың үшінші нүктесі ашылды. Ал өткен жылы «For men» дүкенімен 3 ай бірге жұмыс істедік. Бір жарым ай ішінде олардың айналымы 57 миллион теңгеге жетті.

Көбі бізді SMM агенттігі ретінде қарастырады. Бірақ біз әлеуметтік желілер, SMM, таргетинг, бизнесті дамыту, сатуды арттыру және бренд қалыптастыру бойынша да қызмет көрсетеміз, – дейді Оңталап.

Маркетинг – бизнеске жаңа мүмкіндік ашатын және тұрақты өсуін қамтамасыз ететін қуатты құрал. Жақсы ойластырылған маркетингтік стратегия компанияның нарықтағы позициясын күшейтіп, тұтынушылардың сенімін арттыруға қабілетті.

Инжу МАРЖАН



Күлейін десем...

Баяғыдааа, көп кезде күш-қуатым, Бар еді бір әдетім тіс жұлатқым. Қазір үнсіз айдаймын бес ешкімді, Тістің көбін құрттым ғой ысықатын.

Құрт жеген тістерімнің кесірінен, Күле алмай өтемін бе, не шынымен? Жын соққандай боламын, білесің бе, Жел соққанда тісімнің тесігінен.

Тістерім түгел кезде саспайтынмын, Тас шайнап, құм түкіріп тастайтынмын. Азулы ақын дейді біреу мені, Мен болсам ауызымды ашпай тұрмын.

Күледі бұл түрімді адам көрсе, Адамға көрсетпеймін шамам келсе. Мен балама беремін амалсыздан, Әкем нанның қаттысын маған берсе.

Ауызым есігіндей құжыраның, Құжыраның білгенім бұзыларын. Көршімнің игі маған ырылдайды, Ал мен оның тісіне қызығамын.

Ершат ҚАЙБОЛДИН

Әуесханның жауабы

Жазы дауыл, күзі дауыл, Көшкен құмы бұйралы жақ. Біздің ауыл – қызық ауыл, Иманы бар, имамы жоқ.

Мешіті бар, атағы ірі, қол бастаған қабырғалы, бар қазақтың баһадүрі, Жанқожаның атындағы.

Мұндай мешіт таптырмайды! Мақтансам ба, арлансам ба? Келген молда көп тұрмайды, Көшпелі елден болған соң ба?

Биік күмбез, есік бүтін, Қойған әрлеп, жарын бояп. Молдасы жоқ мешіт бүгін, Жолдасы жоқ арудай-ақ.

Қала жақтың молдалары, Болғаннан соң «жалдамалы». «Күні жақын» қариялар, Мәселені қолға алады.

Сенім жоқ деп бұл ажалға, Молда іздеуге бекініпті. Кезекті бір құдажолда, Әуекеңе өтініпті:

«Тиген сенің үлесің көп, Мешітке көп кіресің деп, Фатиха мен Ықыластан, Басқа сүре білесің деп».

Қабылдар деп бұл «бақытты», Қарап тұрды сенгендер көп. Сонда Әуекең тіл қатыпты: «Маған сенің өлмендер» деп.

Дәулет ЖАДЫРАСЫН



Мультфильм

Дүкендегі әурешілік баяғы, Саудагер түр білмей нені сатқанын. Бір бөлігін түскі асқа төледім, Ал мен оның артықтығын айтпадым.

Енді не болар екен? Осы оймен түсіп жүргем үрейге, Бір қайыршы шыға келді алдымнан. Құдай оны жібергенім білдім де Білмеген боп өте шықтым қасынан.

Енді не болар екен? Жүруім-ақ керек еді жөнімен, Арам ақша оңдырмас еш уақытта. Жартысына бензин құйып көріп ем, Жол апаты жолқыпады бірақ та.

Енді не болар екен? Қорықсам да қанша өзім өзімнен, Бір бөлігін түскі асқа төледім. Күттім сосын шыққандығын желкемнен, Жоқ, әдеткі шығып кетті жерінен.

Енді не болар екен? Аздау ақша қосып қалған қаржыға, Жәрмеңкеден сатып алдым көп тәтті. Сәйкесінше, бала мәз боп қалды да, Ал әйелім оған, тіптен, бақытты.

Қороче, ештеңе болмайды екен.

Аслан ҚАЖЕНОВ

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР  
Марат АРАЛБАЕВ

Қабылдау бөлмесі:  
Тел/факс: 40-11-10  
БАС РЕДАКТОР  
Абзал ЖОЛТЕРЕК

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 /7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 /7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А  
e-mail: aqmeshit\_zhastary.kz@mail.ru  
Instagram: @aqmeshit-zhastary / сайт: aqmeshit-zhastary.kz

Кезекші редактор:  
Аружан ОРАЛБАЙ

Таралымы: 7049  
Тапсырыс: 1393